

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
И. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ
БАҒДАРЛАМАСЫМЕН «ШЕТЕЛ ТІЛІ» ОҚУ ПӘНІН
(10-11-СЫНЫПТАРДА) ОҚЫТУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ПРЕПОДАВАНИЮ УЧЕБНОГО ПРЕДМЕТА
«ИНОСТРАННЫЙ ЯЗЫК» (10-11 КЛАССЫ) ПО ПРОГРАММАМ
ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

Нұр-Сұлтан
2020

Ұлттық білім академиясының Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды.
(2020 жылғы 16 қыргүйектегі № 7 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 7 от 16 сентября 2020 года).

Білім беру мазмұны жаңартылған оқу бағдарламасымен «Шетел тілі» оқу пәнін (10-11-сыныптарда) оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020. – 120 б.

Методические рекомендации по преподаванию учебного предмета «Иностранный язык» (10-11 классы) по программам обновленного содержания образования (казахский и русский языки)– Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2020. – 120 с.

Жұмыста «Шетел тілі» (10-11 сыныптар) оқу пәні бойынша жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқу бағдарламасының ерекшеліктері, қысқа мерзімді жоспарлар үлгілері, білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау бойынша тапсырмалар үлгілері, оқытуды ұйымдастыру формалары мен әдістері үлгілері, сонымен қатар орта білім беру ұйымдарында 10-11 сыныптарда оқу процесін қашықтан оқыту форматында ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар берілді.

Әдістемелік ұсынымдар облыстық (аудандық) әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің басшылары мен әдіскерлеріне, білім беру жүйесі ұйымдарының басшыларына, шетел тілдері пәндерінің мұғалімдеріне арналған.

В работе представлены особенности учебной программы обновленного содержания образования по учебному предмету «Иностранный язык» (10-11 классы), предложены образцы краткосрочных планов уроков, заданий по критериальному оцениванию учебных достижений обучающихся, форм и методов организации обучения, а также методические рекомендации по организации учебного процесса в 10-11 классах в организациях среднего образования в формате дистанционного обучения.

Методические рекомендации адресованы руководителям и методистам областных (районных) методических центров/кабинетов, руководителям организаций системы образования, учителям иностранных языков.

© Ы.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2020
©Национальная академия образования
им. И.Алтынсарина, 2020

Кіріспе

Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағдарланған білім мен ғылымды дамыту жөніндегі жүйелі шаралар кешенін іске асыру жалғасуда. 2015 жылы Республика Біріккен Ұлттар Ұйымының 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму мақсаттарына, оның ішінде 4-мақсатқа қол жеткізу бойынша өзіне міндеттемелер қабылдады. Бұл мақсат жан-жақты және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз етуді және барлық адамдар үшін өмір бойы оқу мүмкіндігін кұптауды көздейді. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін әлемде білім беруді дамытудың негізгі бағыттары айқындалды: мектепалды даярлықты қамтамасыз ету, 12 жылдық мектептегі білім беру моделі, білім алушылардың бойында 21 ғасыр дағдыларын дамыту, арзан да сапалы ТЖКБ мен жоғары білімге тең дәрежеде қол жетімділікті қамтамасыз ету [1].

Қазақстан республикасының президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы» Қазақстан халқына Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек» және «... балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды», – деп көрсетілген [2]. Ұлттық білім беру жүйесін, білім сапасын бағалау және мониторингілеу жүйесін жетілдіру мемлекеттің білім беру саясатының басым бағыты болып табылады.

Білім алушылардың білім жетістіктерін бағалау жөніндегі PISA (Programme for International Students Assessment) халықаралық зерттеуі Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) елдеріне қарағанда Қазақстан нәтижелерінің талдауы білім алушылардың функционалдық сауаттылығының төмендігін көрсетті. Білім алушылар көп біледі, бірақ өз білімдерін қолдана алмайды. Білім беру сапасын бірде-бір халықаралық салыстырмалы зерттеу PISA бағдарламасы сияқты елдердің біліміне әсер етпегенін айта кету керек. 2000-2018 жылдардағы зерттеулерде алынған нәтижелерді түсіндіру үшін білім беру сапасы мен тиімділігін бағалау саласында көптеген ғылыми зерттеулер бастама алды. Зерттеу нәтижелерін пайдалана отырып, елдер білім берудің күшті және әлсіз жақтарын анықтап, өз бейінін басқа елдер аясында көре алды және мектептердегі оқу процесі мен бағалауды жетілдіру бағыттарын анықтай алды.

Қазақстан бұл зерттеуге 2009 жылдан бері қатысып келеді. PISA-2018 халықаралық зерттеуіндегі Қазақстанның нәтижелерін талдау мемлекеттің білім беру саясатының басым бағыты ретінде ұлттық білім беру жүйесін, білім сапасын бағалау және мониторингілеу жүйесін жетілдіру қажеттігін көрсетті.

PISA-2024 ғылымға бағдарланады және шет тілдеріндегі құзыреттілікті факультативтік бағалауды қамтитын болады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқыту жүйесі мен әдістемесі мемлекеттік мектептер

үшін бірыңғай стандарт болуға тиіс. Бұл мектеп білімін реформалаудың қорытынды кезеңі болады», – деп атап көрсеткен [3]. 2016-2017 оқу жылында сәтті енгізілген жаңартылған оқу бағдарламасы НЗМ (Назарбаев Зияткерлік мектептері) оқу тәжірибесіне негізделген және мектептегі білім сапасы мен функционалдық сауаттылықты арттыруға бағытталған.

Функционалдық сауаттылық – білім алушыларға алған білімдерін практикалық жағдайда тиімді қолдануға мүмкіндік беретін және оқу іс-әрекетінде және одан тыс жерлерде тиімді әрекет етуге мүмкіндік беретін негізгі құзыреттерді және ақпаратпен жұмыс істеу тәсілдерін меңгерудің қажетті және жеткілікті деңгейімен сипатталатын жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың базалық білім деңгейі.

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының басты мақсаты – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен сыни ойлауын дамыту мүмкіндігі, балаларға тиісті білім беруді қамтамасыз ету және оларға қажетті қасиеттер мен құндылықтарды дарыту. Білім мазмұнын жаңарту өзінің жүйелілігі және кешенділігімен құнды. Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жаңа үлгідегі оқу бағдарламалары нәтиже алуға бағдарланған, сондықтан білім алушылардың білім беру процесіне белсенді қатысуын көздеп, сабақ форматы да өзгереді. Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы – бұл қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыратын және оқу материалының белгілі бір көлемін беруге ғана емес, күтілетін нәтижелер жүйесіне бағытталған бағдарлама. Бұл бағдарлама Д.Брунердің танымдық теориясына негізделген білім берудің спиральды формасын дамытуға бағытталған.

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы оқытудың белсенді болуын, сабақтардың өзара ынтымақтастық жағдайында (педагог-білім алушы, білім алушы-білім алушы) өткізілуін көздейді, педагог әрбір білім алушыны оқу процесіне тартып, оның көмекшісі, тьютор болады. Сонымен қатар оқу процесінде білім алушылардың пәнді оқуға деген қызығушылығын артыратын пәнаралық байланыстар жүзеге асырылады.

Оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңарту шеңберінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың критериалды жүйесі енгізілуде. Бұл бағалау жүйесі аймаққа, мектептің орналасқан жеріне және оқыту тіліне қарамай, білім алушының оқу жетістіктерін объективті және тең бағалауды қамтамасыз етеді [1].

Орта білім беру жүйесін одан әрі модернизациялау мақсатында Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында орта білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған шаралар белгіленді:

- жаңартылған білім беру мазмұнына толық көшу
- оқулықтарды әзірлеу, сараптау және басып шығарудың жаңа жүйесі
- критериалды бағалау жүйесін жетілдіру
- 12 жылдық білім беруге көшу
- қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып,

оқыту процесін ұйымдастыру [4].

Оқу бағдарламасының жаңартылған мазмұны білім алушылармен қатар педагогтердің де білімдері мен дағдыларын дамытып, жетілдіруге мүмкіндік береді.

Білім мазмұнының жаңартылуы аясында 2020-2021 оқу жылында «Шетел тілі» оқу пәні 11 сыныптарда жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы бойынша оқытылады да, елімізде орта білім жүйесінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасына ауысуы ақталады.

Тәрбие, таным, өзге ұлттың мәдениетімен қарым-қатынасқа түсу құралы ретінде шетел тілін оқыту білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, шетел тілін меңгеруде қалыптасқан дағдыны ары қарай дамытып, болашақта бәсекеге қабылеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған. Функционалдық сауаттылықты дамыту нәтижесі ретінде шетел тілінде ауызша, жазбаша белсенді қарым-қатынас жасау қабілеті басты құзыреттіліктердің біріне жатады. Орта мектепте шетел тілін оқытудағы мақсаттар мен міндеттер осыған байланысты қойылады.

«Шетел тілі» оқу пәнінің білім алушыны мәдениетаралық қарым-қатынасқа дайындаудағы мүмкіндіктері шексіз және шетел тілін оқытуда білім беру, дамыту мақсаттары мен тәрбиелік мақсат бірлікте жүзеге асырылады.

Шетел тілін оқытудың негізгі мақсаты – студенттердің шеттілдік және коммуникативті құзіреттіліктерін қалыптастыру, олардың бойында жаһандану жағдайындағы қазіргі қоғам талап ететін көпмәдениетті тұлға қасиеттерін дамыту.

Осы әдістемелік ұсынымдардың міндеті – жалпы орта білім бері деңгейінің 10-11 сыныптарына арналған «Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндерінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларының, білім мазмұнын жаңарту жағдайында «Шетел тілі» оқу пәнін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістерінің ерекшеліктерін қарастыру. Құралда білім мазмұнын жаңарту жағдайында «Шетел тілі» оқу пәнінен қысқа мерзімді жоспарларды құрастыру және критериалды бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар беріледі.

1. «Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі» (10-11 сыныптар) пәндері бойынша жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларының ерекшелігі

Қазақстан Республикасындағы білім беру мазмұнын жаңартудың басты мақсаты білім беру бағдарламасын жаңарту, педагогикалық қызметтің ең жоғары деңгейі ретінде критериалды бағалау жүйесін енгізу және жаһандық ақпараттық әлемде білім алушыларды тәрбиелеуді, оқытуды, жан-жақты дамытуды үнемі жетілдіру болып табылады.

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларының мазмұндық ерекшеліктері:

- тақырыптың мазмұнын жобалаудағы шиыршық принципі, яғни білім мен дағдыларды тігінен де, көлденеңінен де біртіндеп құру (тақырыптар мен сыныптар бойынша дағдылардың күрделенуі);

- таным заңдылықтарына негізделген және пәндік операциялардың ең маңызды түрлері бойынша жіктелетін Блум таксономиясы бойынша оқыту мақсаттарының иерархиясы;

- білім беру деңгейлері бойынша және бүкіл оқу курсы бойында педагогикалық мақсат қою, бұл пән ішіндегі байланыстарды барынша ескеруге мүмкіндік береді;

- пәнаралық байланыстарды іске асыру кезінде және бір білім беру саласындағы пәндер арасында «ортақ тақырыптардың» болуы;

- бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт сұраныстарына сәйкестігі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға баса назар аудару;

- ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар нысанында оқу процесін технологияландыру.

2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хатта10-11-сыныптарда шетел тілін оқытудың негізгі мақсаты білім алушыларда шетел тілін мәдениет диалогында қарым-қатынас құралы ретінде қолдануға, атап айтқанда: мектептегі білім беру, жастар туризм саласында мәдениетаралық қарым-қатынас жасауға даярлауда, шетел тілін адами білімнің қызықтыратын салаларында өз бетімен білім алу құралы ретінде, басқа халықтардың мәдениетіне ену құралы ретінде пайдалануда, оларды Қазақстан Республикасы азаматтарының әмірі мен тұрмыс ерекшеліктерімен, Қазақстанның әлемдік мәдениетке қосқан үлесімен таныстыру деп көрсетілген [5].

Оқу бағдарламасының айрықша ерекшелігі оның тек пән бойынша білімді ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталғандығында. «Шетел тілі» оқу пәнін оқытудың міндеттері мен оқу мақсаттарының жүйесі білім алушылардың бойында қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық және өмір бойы білім алу сияқты негізгі құндылықтарды қалыптастыруға негізделген..

«Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі» (10-11 сыныптар) пәндері

бойынша жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқу бағдарламасының оқу мақсаттары педагогке сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) дамыту бойынша жұмысты жүйелі жоспарлауға, білім алушылардың жетістіктерін бағалауға, білім алушыларды келесі қадам жасауға бағыттауға, оларды оқытудың келесі кезеңдері туралы хабардар етуге, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға мүмкіндік береді.

Шет тілін үйренудің басым мақсаттары:

- мектеп түлектерінің еңбек қызметінің түрлі салаларына кіруіне бағытталған коммуникативтік тұжырымдаманы қалыптастыру;
- өмірдің барлық жағдайларында қажетті дағдылар мен қабілеттерді игеру;
- білім алушылардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін, олардың танымдық қызығушылықтарын жан-жақты дамыту;
- білім алушылардың адамдарға және жалпы қоғамға оң көзқарасын тәрбиелеу;
- мектеп қабырғасында алған білімі мен іскерліктерін күнделікті өмірде пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарындағы 10-11-сыныптарға арналған «Шет тілі» (екінші тіл) пәнін жаңартылған мазмұнда оқыту міндеттері:

- білім алушылардың коммуникативтік мәдениетін дамыту, берілетін және қабылданатын ақпаратты түсінуге және ұғынуға мүмкіндік беретін деңгейде ауызша және жазбаша сөйлеуді меңгеру;
- білім алушылардың когнитивті дамуы, олардың білім беру ортасында тілдік практика процесінде өз бетінше жаңа білім алу қабілеті (өзара іс-қимыл: педагог, білім алушы және оның сыныптастары);
- тұлғаның әлеуметтік-мәдени дамуы, оқытылатын тілде қарым-қатынас жасау қабілеті, өз елі мен мәдениетін нақты шетелдік мәдениаралық қарым - қатынас жағдайында ұсыну қабілеті, жаңа мәдениеттің құндылықтарын ана тілімен диалогта білу арқылы басқа өмір салтын қабылдау;
- Қазақстан азаматының жеке тұлғасын рухани-адамгершілік дамыту және тәрбиелеу тұжырымдамасына сәйкес білім алушылардың құндылық бағдарларын дамыту; білім алушыларды әмбебап жаһандық құндылықтарға тарту, басқа мәдениеттер өкілдерімен қарым-қатынас жасай білуді, құрметпен қарауды, толеранттылықты және басқа халықтармен ынтымақтастық пен өзара іс-қимыл жасауға ұмтылуды қалыптастыру;
- қажеттіліктерді қалыптастыру арқылы шет тілін үйренуге деген ынтаны дамыту қоршаған әлемді дұрыс түсіну ; қазіргі әлемде әлеуметтену үшін шет тілін меңгерудің маңыздылығын түсіну;

Шет тілін үйренуге деген ынтаны дамыту, оқуға деген ішкі ниеттің көрінісі үшін жағдай жасау, білім алушылардың әлеуметтік кеңістікте сәтті бейімделу шарттарының бірі ретінде шет тілін меңгерудің маңыздылығын түсінуі,

- білім алушылардың өздігінен білім алу әлеуетін дамыту,

Өзін-өзі дамыту, өзін-өзі дамыту процесін ынталандыру және жеке

тұлғаның өз бетімен оқуы тұрғысынан шет тілін үйренушінің өздігінен оқуын дамыту

- білім алушының шет тілін өз бетінше үйренуін, тұлғаның өзін-өзі дамыту контексінде жоғары сынып оқушысының өз бетінше білім алу әлеуетін дамыту; олардың тіл бойынша өз бетінше жұмыс істеуге дайындығын қамтамасыз ету [6].

Келесі кестеде тілдік пән сабақтарында қалыптасатын және шет тілін меңгерудің нормалары мен талаптарын белгілейтін негізгі құзыреттер түрлерінің мазмұны сипатталған (1-кесте).

1-кесте. 10, 11-сыныптарда «Шет тілі» пәні бойынша жаңартылған білім беру мазмұнының мақсаттары мен оқу бағдарламасын іске асыруға арналған құзыреттіліктер

Құзыреттіліктер	Мазмұны
Мәдениетаралық құзыреттілік	- шет тілін шетел мәдениеттерінің өкілдерімен тиімді өзара әрекеттесуді жүзеге асыру үшін қажет қарым-қатынас құралы ретінде білу; Елтану және лингво-аймақтық білім жүйесін қамтиды. Білім компоненті зерттелетін тіл елінің тарихы, географиясы туралы фактілер мен ақпаратты механикалық беру және есте сақтау процесін білдірмейді, бірақ алған білімдерін қолда бар білімдермен салыстыра білуге, өз құндылықтарының көрінісін ынталандыруы тиіс. Мәдениетаралық оқытуға мәдениетаралық өзін-өзі дамытудың «үздіксіз» процесін белсендіретін білім кіруі керек [7].
Коммуникативтік құзыреттілік	- тіл иелерімен/тіл иелерінсіз тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынас үшін тілдік құралдарды саналы түрде таңдау қабілеті; білім алушылардан оқытылатын тіл елінің этномәдени құндылықтарына қосылуға мүмкіндік беретін білімдерін, дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру; ауызша және жазбаша сөзді дұрыс түсіну және оның мазмұнын қажетті көлемде жаңғырту.
Тілдік құзыреттілік	- оқу бағдарламасының бөлімдері/тақырыптарына сәйкес барлық деңгейде (фонетикалық, орфографиялық, лексикалық және грамматикалық) оқытылатын тілдің тілдік жүйесін меңгеру; осы білімді шет тілінде сөйлеу әрекетінде пайдалану дағдысы мен іскерлігін, тіл байлығын сөйлеу әрекетінің сәтті шарты ретінде меңгеру.
Сөйлеу құзыреттілігі	- сөйлеу әрекетінің төрт түрінде коммуникативтік дағдыларды меңгеру: өнімді (сөйлеу және жазбаша сөз) және рецептивті (оқу және тыңдау); сөйлеу мінез-құлқының нормаларын білу.
Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік	- білім алушыларды Оқытылатын тіл елінің мәдениетіне, дәстүрлеріне және тарихи болмысына баулу; лингвоелтанушылық және елтанушылық білім көлемін кеңейту; басқа тіл мен басқа мәдениеттер өкілдеріне достық қарым-қатынас пен толеранттылықты тәрбиелеу, өз елін, оның мәдениетін шет тілді мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында көрсете білуді қалыптастыру

Компенсаторлық құзыреттілік	- жеке және мәдениетаралық қарым-қатынас процесінде коммуникативті мәселелерді шешу үшін өзінің шет тіліндегі сөйлеу тәжірибесін қолдана отырып, қиын жағдайдан шығу мүмкіндігі.
Оқу-танымдық құзыреттілік	- жалпы және арнайы оқу дағдыларын одан әрі дамыту білім алушыларға қол жетімді тәсілдермен, әдістермен және жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, шет тілін меңгеру бойынша өздігінен білім алуға мүмкіндік беретін іскерліктер.

10, 11-сыныптарда «Шет тілі» пәні бойынша жаңартылған білім беру мазмұнының мақсаттары мен оқу бағдарламасын іске асыру үшін жоғарыда көрсетілген құзыреттіліктерді кезең-кезеңімен және өзара байланысты игеру білім алушыларда тиісті құзыреттіліктерді қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

10, 11-сыныптардағы «Шет тілі» пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері білім беру процесін келесі тәсілдердің талаптары негізінде жоспарлауды және ұйымдастыруды көздейді:

- ✓ тұлғаға бағытталған
- ✓ құзыреттілік
- ✓ коммуникативтік
- ✓ когнитивтік
- ✓ әлеуметтік-мәдени.

Орта мектептің соңғы кезеңіндегі шет тіліндегі білім берудің басты айырмашылығы-шет тілі мамандандырылған оқытуды жүзеге асыру құралы ретінде әрекет етеді. Белгілі бір бейіндік бағыттылыққа оқыту мазмұнын қайта құрылымдау, яғни жалпы білім беру тақырыбын қысқарту және білім алушылардың болашақ мамандығына бағдарланған түпнұсқалық оқу материалын енгізу, бейіндік бағыттағы мәтіндік материал негізінде сөздік қорын байыту арқылы коммуникативтік құзыреттілікті жетілдіру арқылы іске асырылады.

Әдістемеді «Шет тілі» пәні бойынша оқыту мақсатының келесі аспектілері көрсетіледі (1-кесте)

- Мәдениетаралық-коммуникативтік аспект;
- тәрбиелік аспект;
- жалпы білімдік аспект;
- дамытушылық аспект;
- стратегиялық аспект

1-кесте. «Шет тілі» пәні бойынша жаңартылған мазмұнындағы оқу бағдарламасын іске асыру мақсаттарының аспектілері (10-11 сыныптар).

Аспект	Мазмұны
Мәдениетаралық-коммуникативтік аспект	шет тілі мәдениетінің өкілдерімен тұрмыстық және оқу деңгейлеріндегі қарым-қатынас; оқытылатын тілдің бастапқы білімін көрсету; қарапайым сөз тіркестерін түсіну; күнделікті қарапайым сұрақтарға жауаптар және оларды қою;

	өзін ауызша таныстыру; қарапайым диалогты жүргізу; өзіңізге қажетті қарапайым ақпаратты анықтау (плакаттар, кестелер, жарнама); қарапайым ашықхаттар жазу; пікірді қимылмен, перифраз, қайталау арқылы түсіну; ана тіліне сүйене отырып, лексиканы интуитивті болжау; Оқытылатын тіл елінің этнолингвокультуралық құндылықтарымен танысу және мәдениетаралық өзара іс-қимыл жағдайында шет тілін іс жүзінде қолдануға ұмтылу; Оқытылатын тіл елінің әдет-ғұрыптарымен, дәстүрлерімен, ауызша қарым-қатынас актілеріндегі ауызша және вербалды емес мінез-құлық дағдыларымен танысу.
Тәрбиелік аспект:	шет тілі мен мәдениетіне оң көзқарас қалыптастыру; әр түрлі көзқарастарды құрметтеу, басқа халықтарға, олардың мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне төзімділік таныту; кез-келген өмірлік жағдайда қарым-қатынас этикеті туралы білімді қалыптастыру
Жалпыбілімдік аспект:	жалпы мәдениетті арттыру; ой-өрісті кеңейту, әдебиет, музыка, кескіндеме, тарих және т. б. қоса алғанда оқытылатын тіл елі туралы жалпы білімді кеңейту, Оқытылатын тіл елінің мәдениеті ,зерттелетін тіл арқылы әлем туралы білім алу.
Дамытушылық аспект:	білім алушылардың тілдік қабілеттерін, тілдік мінез-құлық мәдениетін, шет тілін үйренуге қызығушылығын дамыту; жеке тұлғаның жағымды қасиеттері: ерікті қасиеттер, есте сақтау; ана (өзінің) және шет тілі мәдениетін тану, ана тілі мен шет тілін салыстыру; шет тілін меңгерудің ұтымды әдістерін қолдану; оқу іс-әрекетін ұйымдастыру, зияткерлік процестерді жандандыру (тілдің белгілі бір құбылысын тану, оны талдау, ана тіліндегі ұқсастармен салыстыру); кітаппен жұмыс, оқу ақпаратын жазу, оқытудың заманауи технологияларын қолдану,
Стратегиялық аспект	екінші тілдік тұлғаның қарапайым сипаттамаларын игеру.

«Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі» (10-11-сыныптар) пәндері бойынша жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларының негізгі мақсаты-білім алушыларды шет тілдік коммуникативтік құзыреттілікті меңгерген көпмәдениетті тұлға ретінде қалыптастыру. Білім беру, дамыту және тәрбиелеу сияқты мақсаттар олардың бірлігінде қарастырылуы және іске асырылуы қажет. (2-кесте)

2-кесте. «Шет тілі» пәндері бойынша жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының мақсаттары» (10-11-сыныптар)

Мақсаттар	Мазмұны
білімдік:	когнитивті, коммуникативтік және экспрессивті функциялардың бірлігінде қарым-қатынастың тиімді құралы ретінде шет тілін

	практикалық меңгеруді қамтамасыз ету жолымен білім алушы тұлғасының тілдік дамуы; оқытылатын шет тілі туралы білімді меңгеру және өзектендіру; шет тілдік сөйлеу қызметінің дағдылары мен іскерліктерін меңгеру(шет тілін есту, сөйлеу, оқу, жазба сөз арқылы қабылдау және түсіну);
дамытушылық:	білім алушылардың когнитивті, коммуникативтік, эмоционалдық дамуын қамтамасыз ету; шет тілінде ойды қалыптастыру және тиянақтау тәсілдерін меңгеру; гуманитарлық ойлаудың лингвистикалық компонентін дамыту; тұлғаның эмоциялық-сезімдік аясын байыту;
тәрбиелік:	білім алушылардың рухани әлемін байытуды қамтамасыз ету, олардың ойлау, сезім, мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу; адамгершілік құндылық бағдарларын, мәдениеттер диалогы контексінде қарым-қатынасты жүзеге асыру біліктерін дамыту; тіларалық мәдениетаралық қарым-қатынасқа психологиялық дайындығын қалыптастыру; жеке тұлғаны өзге әлеуметтік ортаға бейімдеу.

«Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі» (10-11 сыныптар) оқу пәндері бойынша шет тілдерін оқытудың мынадай маңызды принциптері бар:

- басқа халықтың мәдениеті мен өмір салтын түсінуін және «өзгені оның ұқсастығында қабылдауға» дайындығын қамтамасыз ету, білім алушылардың туған мәдениетіне қатысын ұғыну;

- оқытылатын тілдің коммуникативтік, мәдени-прагматикалық және аксиологиялық функцияларын жүзеге асырудың бірлігі;

- оқыту процесін тіл – ойлау – мәдениет өзара байланыстарын жан-жақты есепке алу негізінде мәдениеттер диалогын қамтамасыз етуге бағдарлау;

- білім алушыларды шет тілі құралдарымен әлеуметтендіруді қамтамасыз ету;

- мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайларын модельдеу негізінде шет тілін шет тілдік қарым-қатынас құралы ретінде оқытуды ұйымдастыру.

«Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі» пәндері бойынша оқу бағдарламасы білім алушылардың сөйлеу қызметі бойынша төрт тілдік дағдыны дамытуға бағытталған:

- ✓ тыңдалым;
- ✓ айтылым;
- ✓ оқылым;
- ✓ жазылым.

«Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі» (10-11-сыныптар) оқу пәндерінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген).

10-11-сыныптардың білім алушылары «Шет тілі» оқу пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы келесі үлгілік оқу бағдарламалары бойынша оқитын болады:

- Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Ағылшын тілі» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы;

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Ағылшын тілі» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы;

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарына арналған «Неміс тілі» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы;

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарына арналған «Француз тілі» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы [6].

Қазақстанның білім беру ұйымдарына «Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі» таңдау құқығы берілді. Тілді таңдау білім беру ұйымдары білім алушылардың қажеттіліктері мен ата-аналардың сұраныстарын ескере отырып жүзеге асырады.

«Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндерінің маңыздылығы оның қарым-қатынас, ғылым, бизнес, туризм және спорт тілі болып табылатындығымен анықталады.

Шет тілін білу:

- білім алушылар әртүрлі тіршілік ету жағдаяттарындағы қарым-қатынаста сенімділіктерін арттырады;

- Қазақстанда ғана емес, шет елде де жоғары білім алуға мүмкіндік береді;

- Қазақстанда және шет елде кәсіптік білім алуды жалғастыруға мүмкіндік береді;

- білім алушылар неміс тілінде таратылатын жаңалықтар мен ақпарат алуға мүмкіндігін кеңейтеді;

- білім алушылар неміс тіліндегі әдеби туындылардың түпнұсқалық мәтіндерімен танысуға мүмкіндік алады;

- білім алушыларға Қазақстанды өз елінде және шет елдерінде танытуға мүмкіндік алады;

- мектепте қалыптасқан дағдыға, оқыту және білім стратегиясына сүйеніп өмір бойы оқуға мүмкіндік алады.

Білім алушылар:

- сан алуан көркем әдебиеттегі бейтаныс сөздердің мәнін түсіне алады;

- сөз екінін, интонация және ресмилікті сақтай отырып, еркін және дұрыс сөйлей алады;

- сыныптастарымен қарым-қатынасқа түс алады, білім алушылармен университетте және одан тыс жерлерде ағылшын тілін қолдануға үміттенетін, білім алушыларға пайдалы пайымдаулармен және пікірлермен, түсініктемелермен және жауаптармен бөлісе алады;

- ғылыми және көркем әдебиеттерді қызығушылықпен оқи алады;

- шет тілінде сөйлейтін және сөйлемейтін адамдармен сәтті қарым-қатынас жасай алатын болады.

«Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сыныпта - аптасына 3 сағат, оқу жылына 102 сағат;

2) 11-сыныпта - аптасына 3 сағат, оқу жылына 102 сағат.

«Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген

Жалпы орта білім беру деңгейіне арналған «Шет тілі» оқу пәнінің бағдарламасы шет тілін меңгерудің әлемдік стандарттарына сәйкес жаңартылған білім беру мазмұны аясында әзірленген.

Жалпы орта білім беру деңгейін аяқтағаннан кейін білім алушылар шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне сәйкес CEFR(Common European Framework of Reference, CEFR),. ағылшын тілінен B2 тілдік деңгейіне, неміс және француз тілдерінен ***B1.1 (10-сынып), B1.2 (11-сынып) тілдік деңгейіне*** жетеді деп болжанады. 3-кесте.

3-кесте. Жалпы орта білім беру деңгейінде күтілетін нәтижелер

№	Оқу пәндері	Сыныптар	
		10	11
1	Ағылшын тілі (L3)	B2	B2
2	Неміс тілі (L3)	B1.1	B1.2
3	Француз тілі (L3)	B1.1	B1.2

Жалпы орта білім беру деңгейінде мақсатты тілдерді оқыту CEFR тілдерін оқытудың деңгейлік моделіне сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте сөйлеу қызметінің төрт түрі: тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу бойынша дағдыларды дамытуға баса назар аударылады [6].

Төменде оқу, есту, ауызша және жазбаша сөйлеу кезінде білім алушыларда болуы тиіс білім мен білікті сипаттайтын деңгейлер берілген. (4-кесте).

4-кесте. Жаңартылған білім мазмұнындағы «Ағылшын тілі» оқу пәні бағдарламасында әрбір деңгей бойынша күтілетін нәтижелер

Деңгей	Еуропалық деңгейлер шкаласының сипаттамасы (CEFR)	Жаңартылған білім мазмұнындағы «Шетел тілі» оқу пәні бағдарламасында әрбір деңгей бойынша күтілетін нәтижелер
--------	---	---

<p>B2</p>	<p>Абстрактілі және нақты тақырыптарға берілген күрделі мәтіндердің жалпы мазмұнын түсінемін, оның ішінде арнайы тақырыптық мәтіндер. Тіл тасымалдаушылармен үнемі қарым-қатынас жасау үшін кез келген тараппен қиындықсыз және тез сөйлей аламын. Мен әртүрлі тақырыптарға нақты, егжей-тегжейлі хабарлама жасай аламын және негізгі мәселеге өз көзқарасымды баяндай аламын, түрлі пікірлердің артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсете аламын.</p>	<p>10-сынып Білім алушылар: - еркін талқылаудың негізгі мазмұнын, нақты ақпаратты және дәлелнің егжей-тегжейін түсінеді; - сөйлеудің формальды және формальды емес стилдерін қолданады, өзінің және басқаның көзқарасын түсіндіреді және негіздейді, басқа адамдардың пікірін бағалайды және түсіндіреді; - көлемді мәтіндердің негізгі идеясын түсінеді, түрлі стильдер мен жанрлардың көлемді мәтіндерінен алынған арнайы ақпараттар мен бөлшектерді таниды. Мәтіннің мазмұнын анықтау мақсатында ұзын мәтіндерді қарап оқу қолданылады. Көркем және ғылыми әдебиеттің әртүрлі мәтіндерін таныс және бейтаныс тақырыптарға, сондай-ақ оқу бағдарламасындағы тақырыптарға оқиды; - тиісті формальдылыққа жету үшін сөйлеу стилін қолдана отырып, грамматикалық дұрыс хат жазады. Қисынды дәлелдерді және қажет болған жағдайда мысалдар мен себептерді келтірумен тұжырымдайды</p>
		<p>11 -сынып Білім алушы: - оқу бағдарламасының әртүрлі тақырыптарына еркін талқылау кезінде негізгі идеяны, ерекше ақпаратты, дәлелнің мағынасының егжей-тегжейін түсінеді; - талқылауда ресми және бейресми сөйлеу стилін қолданады. Өзінің және басқаның көзқарасын түсіндіреді және негіздейді, басқа адамдардың пікірін бағалайды және түсініктеме береді, таныстарына және кейбір бейтаныс жалпы және оқу мақсаттарына гипотезалар ұсыну және баламалы ұсыныстарды бағалау мақсатында құрдастарымен өзара іс-қимыл жасайды, талқылау барысын басқарады және қайта сөз сөйлеуді пайдаланады. - күрделі және абстрактілі идеяларды, көлемді мәтіндер контекстіндегі арнайы ақпараттар мен 223 бөлшектерді түсінеді; - жалпы және оқу тақырыптарына сәйкес жазбаша жанрлар шеңберінде тиісті дәрежеде шартты жету үшін сөйлеу стилін пайдалана отырып, грамматиканы сақтап жазады, жеке жоспарлайды</p>

Әрбір деңгей бойынша күтілетін нәтижелер жаңартылған білім беру мазмұнының шетел тілі оқу бағдарламасы бойынша тілді білу мен меңгеру

талаптары ағылшын тілін меңгерудің халықаралық талаптарына сәйкес келетіндігін растайды.

«Шет тілі» пәні бойынша (10-11 сыныптар) жаңартылған мазмұнындағы оқу бағдарламалары: тыңдалым, айтылым, оқылыму, жазылым, шет тілін пайдалану бөлімдері бойынша құрылымдалған. «Шет тілін пайдалану» бөлімінде білім алушы оқытылатын тілдің лексика-грамматикалық, синтаксистік құрылымдарын сөйлеуде дұрыс қолдану талаптарымен танысады[6].

Сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша оқыту мақсаттары шет тілін оқыту деңгейлерімен сәйкестендірілген, оларға қол жеткізу шет тілін оқытудың нәтижесіне бағытталған (5-кесте) [6].

5-кесте. Сөйлеу қызметінің түрлері бойынша оқыту мақсаттары

Сөйлеу қызметінің түрлері	10-сынып	11-сынып
Тыңдалым:	білім алушылар оқу бағдарламасының тақырыптары бойынша мәтіннің негізгі идеясын түсінеді; фактілер мен ой пікірлерді анықтап, таныс тақырыптар аясында егжей-тегжейлерді түсінеді; қосымша ақпаратты алу мақсатында тыңдалған материал негізінде сұрақтар құрастырады; ерекше дыбыстарды дұрыс айтып, интонацияларды дұрыс қойюға үйренеді; мәнмәтіндік ақпарат көмегімен тыңдалған материалдар негізінде тұжырымдар жасайды; таныс тақырып бойынша арнайы ақпаратты анықтайды, таныс тақырып бойынша дәлелдердегі сәйкессіздіктерді тани алады;	сөйлемдегі және шағын мәтіндегі негізгі идеяны, арнайы ақпаратты, меңзелген мағынаны; таныс тақырып шеңберіндегі арнайы терминологияны түсіну. Сөйлемді толықтырады, мәнмәтін бойынша шынайы және жалған ақпаратты анықтайды; таныс тақырып шеңберінде тыңдалған мәтін бойынша сұрақтар қояды және оларға жауап береді; сөздер мен сөйлемдердегі интонацияның және ерекше дыбыстардың дұрыс айтылуына дағдыланады.
Айтылым:	білім алушылар таныс тақырыпқа логикалық тұрғыда ұйымдастырылған оқиғалар негізіндегі мәтіннің негізгі идеясын айтады; ресми және бейресми сөйлеу стильдерін қолданады; таныс тақырыптың аясында фотосуреттер, тақырыптар, кілт сөздер, үзінділер көмегімен мәтіннің мазмұнын болжайды; нақты ақпаратты алу үшін қарапайым сұрақтар қояды; тапсырмаларды орындау үшін оқушылармен (жұппен, топта) өзара қарым қатынас жасайды; таныс тақырып бойынша мәтіндерді	білім алушылар таныс тақырыпқа логикалық тұрғыда ұйымдастырылған оқиғалар негізіндегі мәтіннің негізгі идеясын айтады; ресми және бейресми сөйлеу стилдерін қолданады; таныс тақырыптың аясында фотосуреттер, тақырыптар, кілт сөздер, үзінділер көмегімен мәтіннің мазмұнын болжайды; нақты ақпаратты алу үшін қарапайым және күрделі сұрақтарды қояды; тапсырмаларды орындау үшін оқушылармен (жұппен, топта) өзара қарым

	салыстырады және қарсы қояды; дәлелдерді бере отырып, ойын жеткізеді;	қатынас жасайды; таныс тақырып бойынша мәтіндерді салыстырады және қарсы қояды; дәлелдерді бере отырып, ойын жеткізеді; Өзінің және өзгелердің көзқарасын түсіндіру және негіздеу, талқылау мазмұны шеңберінде өзгелердің пікірлерін бағалау және оларға түсініктеме беру; коммуникативтік дағдыларды дамыту мақсатында сыныптастарымен өзара қарым-қатынасқа түсу. Таныс жалпы және оқу тақырыптары шеңберінде тиісті арнайы лексика мен синтаксисті қолдану;
Оқылым:	білім алушылар жалпы және таныс тақырыптар бойынша әр түрлі стиль мен жанрлардағы мәтіндердің негізгі идеясын, сонымен қатар егжей-тегжейлерін түсінеді; әр түрлі ақпарат көздерін қолданады (анықтамалық материалдар, сөздіктер, интернет); таныс тақырыптар бойынша әр түрлі стиль мен жанрлардың мәтіндеріндегі ерекше ақпаратты таба алады; фотосуреттер, тақырыптар, кілт сөздер, үзінділер көмегімен мәтіннің мазмұнын болжайды. Әр түрлі таныс және оқу бағдарламасының тақырыптары бойынша мәтін авторының ойын және қарым-қатынасын анықтайды. Әр түрлі жалпы тақырыптар мен оқу бағдарламасындағы тақырыптар бойынша мәтіндерді дамыту үлгілері (абзацтар арасындағы интервал). Мағынаны нақтылау және түсінуді тереңдету үшін таныс және бейтаныс қағаз және сандық ақпараттық ресурстардың үлкен әртүрлілігін пайдалану. Түрлі жалпы тақырыптар мен оқу бағдарламасындағы тақырыптардың мәтіндеріндегі дәлелдердің сәйкессіздігі;	мәтіндер контекстіндегі негізгі идеяны, мәтіндер мәнмәтініндегі арнайы ақпараттар мен детальдарды түсіну. Оқу бағдарламасындағы әр түрлі тақырыптарда егжей-тегжейлі оқылуға тиісті ұзақ мәтіндердің мазмұнын анықтау мақсатында жылдам оқып шығу. Оқу бағдарламасындағы таныс тақырыптар бойынша әртүрлі көркем және ғылыми әдебиеттер оқу. Мәтін мәнмәтінінен мағынаны анықтау; автордың көзқарасын, пікірін немесе стилін анықтау. Мағынаны нақтылау және терең түсіну мақсатында цифрлық немесе қағазға басылған түрдегі ресурстарды таңдау және бағалау. Оқу бағдарламаларындағы күрделі және жалпы тақырыптар мәтіндеріндегі сәйкессіздіктерді тану;
Жазылым:	білім алушылар кестелер, диаграммалар, сызбалар, сауалнамалар, формаларды толтырады; таныс тақырыптар бойынша жоспарлайды, жазады, мәтіндерді өңдейді және қателерін	тақырып пен жанрға сәйкес келетін және емлесі сақталып жазылған кеңейген лексикалық қор қатарын пайдаланып, жалпы және оқу тақырыптарында мәтіндерді жазу, редакциялау,

	<p>түзетеді; коммуникативті тапсырмаларға сәйкес мәтін бойынша жазбалар жасайды; өткен тақырыптардағы ақпараттарды қолдана отырып, өткен шақ, осы шақ және келер шақпен байланысты оқиғаларды суреттейді және / немесе таныстырады; таныс тақырып бойынша мәтіндердегі сөйлемдер мен абзацтарды байланыстырады және үйлестіреді; таныс тақырып бойынша мәтіндерде тыныс белгілерді дұрыс қолданады;</p>	<p>түзету және оларға жоспар құру; жалпы және оқу тақырыптарына жазбаша жанрлар шеңберінде тиісті ресми деңгейге жету үшін сөйлеу стилдерінде емлені ескере отырып жазу. Таныс жалпы және оқу тақырыптарындағы бірқатар жазбаша жанрларға, қажет болған жағдайда мысалдар мен себептерді келтіру арқылы, қолдаумен қисынды дәлелдерді құру. Бірқатар таныс жалпы және оқу тақырыптарына әртүрлі дәнекер сөздерді пайдаланып мәтіндер жазу. Жалпы және оқу тақырыптарына қатысты мәтін деңгейіндегі жоспарды пайдалану. Жалпы және оқу тақырыптарында мәтін деңгейіндегі жазба жұмыстарына тыныс белгілеін дұрыс қою.</p>
--	---	--

10-11-сыныптарға арналған «Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу бағдарламалары, бөлімдері оқу жылында меңгерілетін, **ұзақ мерзімді жоспарға** сәйкес іске асырылады. Педагог тоқсанда өтетін тақырыптардың реті мен сағатын өз қалауы бойынша бөле алады [6].

Жалпы орта білім беру деңгейінің *жаратылыстану-математикалық бағыттағы* 10-11 сыныптарына арналған «Ағылшын тілі» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды (6-кесте):

6-кесте. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Ағылшын тілі» оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасынның мазмұны

10-сынып	
1- тоқсань	
Бөлім	Бөлімшелер
Ғылым және ғылыми құбылыстар.	Генетика туралы қызықты деректер. ДНҚ; Мифті бұзушылар (физика, химия, биология); Мақала жазу.
Табиғи апаттар.	Табиғи апаттардың себептері мен салдары (атмосфера, литосфера, гидросфера). Қазақстанға назар аударамыз: табиғи апаттардың себептері мен салдары туралы баяндама жасау. Табиғи апаттарды болжау және алдын алу.
2-тоқсан	
Виртуалды шындық.	Мобильді қосымшаларды әзірлеу және бағалау. 2D-ойындар туралы пікір білдіру және негіздеу.
Органикалық және	Органикалық және бейорганикалық тағамдардың

бейорганикалық әлем.	арасындағы айырмашылықты талқылау. Биоотынның артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау.
3-тоқсан	
Сүйсініп оқу.	Білім алушылар ғылыми мәтіндерді оқиды.
Адам миының мүмкіндіктері.	Мидың функцияларын зерттеу және баяндама дайындау. Көптік интеллект (дербес жоба). Күйзелістің белгілерін сипаттау және күйзелісті төмендетуге арналған ұсыныстар
Серпінді технологиялар	Нанотехнология. Робототехника.
4-тоқсан	
Space X	Ғарыш туралы сіз білмейтін деректер. Ғылыми фантастикалық фильмдерді әртүрлі даму тұрғысынан талдау (физика, биология, экономика).
Тәуелсіз жоба	
11-сынып	
1-тоқсан	
Биологияда байланыстарды	Кіріспе сабақтар Жаңа оқу жылына қатысты міндеттер Биологиялық түсінуге саяхат жасау Ресми және бейресми жазу стильдері
Жануарлар әлемін зерттеу және олар туралы есеп беру: жарқанаттар, бүркіттер, аралар және дельфиндер	Жануарлардың ерекше белгілерін талдау. Жануарлардың ерекше белгілері туралы презентация жасау.
2-тоқсан	
Адамның миы.	Адамның миы туралы таңғажайып деректер (соңғы ғылыми деректерге негізделген). Нұсқауларды беру және орындау (құрылғыны қалай пайдалану керек). Есте сақтау техникасын пайдалану.
Уақытты өлшеу құрылғыларын зерттеу және баяндама жасау/Ғылыми видео	Тақырыпқа кіріспе. Уақыты өлшеу құрылғыларының тарихы. Ақпаратты PPT арқылы презентациялау.
3-тоқсан	
Жұмыс және өнертабыстар	Жұмыс әлемін зерттеу. Бизнестегі табысты қарастыру. Өнертабыстарды салыстыру, талдау және рейтингілеу Өз өнертабысыңызды жасаңыз
STEM	Ақылды энергияны сақтау. Даулы мәселелерді талқылау. Академиялық тілді талдау.
Сүйсініп оқу.	Білім алушылар ғылыми әдебиетті оқиды.
4-тоқсан	
Технологиялар саласындағы соңғы жетістіктер	Жеке, білім беру және кәсіби пайдалануға арналған технологиялық, мобильдік және қолданбалы құралдардың сан алуандылығы. Болашақ мансапқа мүмкіндіктер. Ақпараттық парақшалар шығару
Химия киімдері.	Тақырыпқа кіріспе.

	Киімді өндіру процестерін және ресурстарын зерттеу. Индустриядағы мәселелерді зерттеу.
--	---

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Ағылшын тілі» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды (7-кесте):

7-кесте. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Ағылшын тілі» оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы мазмұны

10-сынып	
1-тоқсан	
Бөлім	Бөлімше
Аңыз немесе ақиқат?	Кіріспе сабақтар Аңыз немесе ақиқат (қалалық аңыздарды талдау және айту) (Қазақстанға қосымша фокус). Мифті бұзушылар (тарих, география). Мақала жазу.
Даулы сұрақтар	Иммиграцияның артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылау. Гендерлік теңдік мәселелеріне қатысты пікірлерді білдіру.
2-тоқсан	
Виртуальды шындық.	Ойдан шығарылған ел жасау және түсіндіру (география, заң, экономика, өнеркәсіп). Фэнтези кітаптар мен фильмдер туралы пікір айту және дәлелдеу (эссе)
Бұл әлемнен тыс.	Сіз ғарыш туралы білмеген нәрселер. Ғылыми-фантастикалық фильмге шолу.
3-тоқсан	
Стресс және қорқыныш	Стресс симптомдарын сипаттау. Стресті азайту бойынша кеңес беру (психология). Фобия мен қорқынышты жағдайларды талдау және сипаттау.
Қиял және шығармашылық.	Шабыт не екенін және оның қайдан келетінін түсіндіру. Шығармашылық адамдар (өнер, әдебиет, музыка). Көптік интеллект (өзіндік зерттеу жобасы).
Сүйсініп оқу.	Білім алушылар классикалық фантастика кітаптарын оқиды.
4-тоқсан	
Өмір сүрудің әр түрлі жолдары.	Ақша бақыт алып келеді ме сұрағын талқылау. Ақшасыз өмір сүрудің артықшылықтарын бағалау. Дауншифтинг ұғымын зерттеу.
Өзіндік жоба	Өзіндік жоба нұсқаулығы. Болашақтың тұрақты қаласын жоспарлау (экономикалық фокус) (Қазақстан бойынша қосымша фокус).
11-сынып	
1-тоқсан	
Байланыс орнату.	Кіріспе сабақтар Жаңа оқу жылына қатысты шешім Елдер мен қалаларды сипаттау (Сәулет) Тарих және дәстүр (киіз үйлердің сәулеттік құндылығы) Мәдени шокты еңсеру.

	Ресми және бейресми жазылым.
Жануарлар әлемін зерттеу және олар туралы баяндау: жарқанаттар, бүркіттер, аралар және дельфиндер.	Тақырыпқа кіріспе. Жануарлардың ерекшеліктерін талдау Жануарлардың ерекшеліктері туралы презентация жасау.
2-тоқсан	
Сұхбаттар мен нұсқаулар.	Сұхбат кезінде қалай табысты болуға болады Сұхбатты талдау. Нұсқауларды беру және орындау (Құрылғыны пайдалану әдісі). Жады техникаларын пайдалану.
Уақытты қадағалау құрылғыларын зерттеу және баяндау /Ғылыми видео.	Сабаққа кіріспе. Уақыты қадағалау құрылғыларының тарихы. Ақпаратты РРТ арқылы презентациялау.
3-тоқсан	
Кәсіп және өнертабыстар.	Кәсіптер әлемін зерттеу. Бизнестегі табысты қарастыру. Өнертабыстарды салыстыру, талдау және рейтингілеу Өз өнертабысыңызды жасаңыз
Әлеуметтік өзгерістер мен одан кейінгі зерттеу.	Табысты сөйлеу ингредиенттерін талдау. Қарама-қайшы сұрақтарды талқылау Академиялық тілді талдау.
Сүйсініп оқу.	Білім алушылар ғылыми -әдебиетті оқиды.
4-тоқсан	
Пайымдауларды құру және ақпаратпен қамтамасыз ету	Өзін-өзі танытудың әртүрлі тәсілдері. Болашақ мансап мүмкіндіктері Ақпараттық парақшалар шығару.
Киімдер әлеміне саяхат	Сабаққа кіріспе. Киім өндіруге қатысты ресурстар мен үдерістерді зерттеу Сән саласына қатысты мәселені зерттеу. Нәтижелерді салыстыру және баяндама жасау

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарына арналған «Неміс тілі» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды (8-кесте):

8-кесте. 10-11 сыныптарына арналған «Неміс тілі» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы мазмұны

10-сынып (B1.1)	
1-тоқсан	
Бөлім	Бөлімше
1. Әлеуметтік кепілдік – мемлекет жетістігі: 1.1 Әлеуметтік қорғалу және кепілдіктер 1.2 Белсенді азаматтық ұстаным.	Тыңдалым Айтылым Жазылым Тілді қолдану
2-тоқсан	
2. Кәсібилік: уақыт талабы:	Тыңдалым

2.1 Білім - табысқа апарар жол	Айтылым
2.2 Болашақ маманның кәсіби қасиеттері	Жазылым Тілді қолдану
3- тоқсан	
3. Көшбасшылық қасиеттерді қалай дамытамыз?	Тыңдалым Айтылым
3.1 Жастардың бос уақытын ұйымдастыру	Жазылым
3.2 Тұлғааралық қарым-қатынас. Конфликтілі жағдайларды шешу	Тілді қолдану
4-тоқсан	
4. Ғылым мен техника:	Тыңдалым
4.1 Қазақстан әлемдік аренада	Айтылым
4.2 Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігі	Жазылым Тілді қолдану
4.3 Қазақстан мен Германияның саяси жүйесі.	
11-сынып (B1.2):	
1-тоқсан	
1. Әлеуметтік кепілдік - мемлекет жетістігі:	Тыңдалым
1.1 Конституция - ҚР негізгі заңы	Айтылым
1.2 Ұлт денсаулығы – табысты болашақтың негізі. Медициналық сақтандыру	Жазылым Тілді қолдану
2-тоқсан	
2. Кәсібилік – уақыт талабы:	Тыңдалым
2.1 IT-технологиялар	Айтылым
2.2 Мәдениеттер диалогі	Жазылым Тілді қолдану
3-тоқсан	
3. Көшбасшылық қасиеттерді қалай дамытамыз:	Тыңдалым Айтылым
3.1 Пікірталас. Диспут. Көпшілік алдында сөйлеу	Жазылым Тілді қолдану
3.2 Қазіргі жастардың өздігінен білім алуы және өздерін дамытуы.	
3.3 Қазақстандық патриотизм, құқық және жастардың міндеттері.	
4-тоқсан	
4. Экономика және елдің бәсекеге қабілеттілігі:	Тыңдалым
4.1 Қазақстан мен Германияның дипломатиялық қарым-қатынасы	Айтылым Жазылым
4.2 Жасыл экономика	Тілді қолдану

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Француз тілі» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы келесі бөлімдерді қамтиды (9-кесте):

9-кесте. 10-11-сыныптарына арналған «Француз тілі» оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

10-сынып (B1.1)	
1-тоқсан	
Бөлім	Бөлімше
1. Әлеуметтік кепілдік – мемлекет жетістігі: 1.1 Әлеуметтік қорғалу және кепілдіктер 1.2 Белсенді азаматтық ұстаным	Тыңдалым Айтылым Жазылым Тілді қолдану
2-тоқсан	
2. Кәсібилік: уақыт талабы: 2.1 Білім - табысқа жол 2.2 Болашақ маманның кәсіби қасиеттері	Тыңдалым Айтылым Жазылым Тілді қолдану
3-тоқсан	
3. Көшбасшылық қасиеттерді дамыту: 3.1 Жастардың бос уақытын ұйымдастыру 3.2 Тұлғааралық қарым-қатынас. Келіспеушілік жағдайларды шешу	Тыңдалым Айтылым Жазылым Тілді қолдану
4-тоқсан	
4. Ғылым және техника: 4.1 Қазақстан әлемдік аренада 4.2 Қазақстан ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігі 4.3 Қазақстан және Францияның саяси жүйесі.	Тыңдалым Айтылым Жазылым Тілді қолдану
11-сынып (B1.2):	
1-тоқсан	
1. Әлеуметтік кепілдік – мемлекет жетістігі: 1.1 Конституция – ҚР Ата заңы 1.2 Ұлт денсаулығы – табысты болашақтың негізі. Медициналық сақтандыру	Тыңдалым Айтылым Жазылым Тілді қолдану
2-тоқсан	
2. Кәсібилік – уақыт талабы: 2.1 IT-технологиялар 2.2 Мәдениет диалогы	Тыңдалым Айтылым Жазылым Тілді қолдану
3-тоқсан	
3. Көшбасшылық қасиеттерді дамыту: 3.1 Пікірталас. Диспут. Көпшілік алдында сөйлеу 3.2 Қазіргі жастардың өздігінен оқуы және өзін-өзі дамытуы. 3.3 Қазақстандық патриотизм, жастардың құқықтары мен міндеттері.	Тыңдалым Айтылым Жазылым Тілді қолдану
4-тоқсан	
4. Еліміздің экономикасы және бәсекеге қабілеттілігі: 4.1 Қазақстан мен Францияның дипломатиялық қарым-қатынасы 4.2 Жасыл экономика	Тыңдалым Айтылым Жазылым Тілді қолдану

ҚР БҒМ бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалар Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының сайтында орналастырылған: <https://nao.kz/>.

Оқыту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған тізімнен бекітілген тізбеге сәйкес оқу басылымдары, оқу-әдістемелік кешендер, құралдар және басқа да қосымша әдебиеттер негізінде, оның ішінде электрондық тасығыштарда жүзеге асырылады (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № 217 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылы 17 мамырда № 18696 болып тіркелді) [7].

Шет тілі сабағында Қалалық білім беру ұйымдарында сыныптарды 24 және одан да көп білім алушы, ауылдық жерлерде 20 және одан да көп білім алушы толтырған сыныпты екі топқа бөлуге жол беріледі. Карантиндік және шектеу іс-шаралары жағдайларында сынып-жиынтықтар 15 адамға дейін қалыптастырылуы мүмкін [5].

Қазіргі заманғы білім берудің негізгі үрдісі білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз ету және оқытуда жаңа технологияларды пайдалану үшін қосымша ресурс ретінде оқыту процесінде қашықтан оқыту технологияларын пайдалану болып табылады..

«Шет тілі» пәні бойынша қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін педагог қашықтықтан білім беру технологиялары мен электрондық оқытуды қолданудың нормативтік базасымен, сондай-ақ электрондық оқыту мен қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігінің әдістемелік ұсынымдарымен танысуы қажет.

2. «Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі» пәндері бойынша оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері

Қазіргі таңда оқытудың негізгі мақсаты-білім алушылардың белгілі бір білім, білік, дағдыларды жинақтауы ғана емес, сонымен қатар оны білім беру қызметінің дербес субъектісі ретінде даярлау. Қазіргі білім берудің негізінде педагогтың да, ең бастысы білім алушының да белсенділігі маңызды. Заманауи білім берудің негізгі міндеттері де дәл осы мақсаттарға - оқуға, өзін-өзі жетілдіруге, шығармашылыққа қабілетті, белсенді тұлғаны тәрбиелеуге негізделеді. Педагогтер үнемі шығармашылық ізденіс үстінде болады және олардың жұмысының мақсаты-тақырыпты тереңірек білуге үйрету, қызықтыру, ынтасын ояту [7].

Критериалды бағалау қалыптастырушы бағалаудан және жиынтық бағалаудан тұрады. Шетел тілінің меңгерілуін бағалау жүйесінде оқыту процесінде қалыптастырушы бағалауда тілдік дағдыларды бөлек бағалау маңызды. Сондай-ақ білім беру процесінде қандай да бір кезең аяқталған кезде (тақырып/бөлім, тоқсан, оқу жылы бойынша) жиынтық бағалауда тілдік дағдылардың жалпы бағалануы маңызды болып табылады.

Қалыптастырушы бағалаудың ерекшелігі – бұл әр сабақта күнделікті тәжірибеде қолданылатын бағалау, яғни оқытудың алғашқы кезеңдерінен-ақ педагог пен білім алушы білім сапасына ықпал жасай алады.

Қалыптастырушы бағалау шетел тілін оқыту барысында білім алушылардың оқу жетістіктерін мониторингілеп, оларға оқу процесінде қолдау көрсету мақсатында жүргізіледі. Білім алушылардың оқудағы прогресін уақытылы қолдау, оларды оқуға ынталандыру, білімдегі олқылықтарын анықтап, оқу жетістіктерін көрсету мақсатында әрбір сабақта қалыптастырушы бағалауды пайдалану ұсынылады [16].

Педагогке формативті бағалауды төмендегідей жоспарлау және

ұйымдастыру ұсынылады:

оқу іс-әрекеттері түрлерінің жоспарланған нәтижелерін жазып, оларды жұмыс бағдарламасының тиісті бөліміне енгізіңіз;

- әр сабақта қалыптастырушы бағалау әдістерін таңдаңыз;
- тапсырмаларды әр білім алушының жеке ерекшеліктерін және оқыту контекстін ескере отырып, әзірлеу немесе таңдаңыз;
- әрбір тапсырмаға оқу мақсаттары негізінде бағалау критерийлерін құрастырыңыз;
- бағалау критерийлерін ойлау дағдылары деңгейлері бойынша бөліңіз (Блум таксономиясы);
- әр тапсырма үшін оны орындаудың негізгі кезеңдерін сипаттайтын дескрипторларды жасаңыз. Тапсырмалардың дескрипторлары мұғалімнің бағалау кезіндегі шешімі объективті болуы үшін анық және нақты болуы керек. Сонымен қатар дескрипторлар білім алушының тапсырманы орындаудың қай кезеңінде қиындықтарға тап болатынын анықтауға мүмкіндік береді;
- кері байланыс құралдарын таңдаңыз. Кері байланыс сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолданылады және педагогке білім алушылармен үздіксіз өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді, оның нәтижесінде оқу процесін түзету және ары қарай жоспарлау жүзеге асырылады.

Педагогке әр сабақта қалыптастырушы бағалауды балмен жүргізудің қажеті жоқ. Ол орындалған жұмыс көлемін, оқу тапсырмаларын ескере отырып, білім алушылардың оқу жетістіктері үшін балл қою кезеңділігін өзі айқындайды.

Одан ары оқу бағдарламаларының бөлімдері/ортақ тақырыптары, белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан/триместр, оқу жылы) аяқталғаннан кейін жиынтық бағалау жүргізіледі.

«Шетел тілі» оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау тоқсанына екі рет жүргізіледі. Бөлім бойынша әрбір жиынтық бағалауда сөйлеу әрекетінің (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) екі түрі тексеріледі.

«Шетел тілі» оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) белгіленген сан мөлшерінде және тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) әр тоқсанда 1 рет жүргізіледі.

10-11-сыныптардағы БЖБ үшін ең жоғары балл кемінде 7 балды құрап, бірақ 20 балдан аспауы тиіс.

БЖБ үшін ең жоғары балл, БЖБ өткізу формасы (бақылау жұмысы, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, ауызша сұрау, эссе), БЖБ өткізілетін сабақ және оны орындауға арналған уақыт регламенттелмейді. Төменде тоқсандар бойынша сыныптардағы БЖБ саны берілген (5-Кесте).

5-Кесте. Тоқсандар бойынша сыныптардағы БЖБ саны

Сынып	Тоқсандар бойынша БЖБ саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10	2*	2*	2*	2*
11	2*	2*	2*	2*

* Бөлім / ортақ тақырып үшін Жиынтық бағалауда сөйлеу әрекетінің екі түрі біріктіріледі (мысалы, тыңдау және сөйлеу; оқу және жазу).

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда (ТЖБ) сөйлеу әрекетінің барлық түрлері тексеріледі: тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым. БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын педагогтар өздері әзірлейді. ТЖБ өтізу уақытының ұзақығы – 40 минут. Сөйлеу әрекетінің «айтылым» түрі бөлек тексеріледі.

2020-2021 оқу жылында Қазақстанның білім беру ұйымдарында 1-11 сыныптарда критериалды бағалау журналын пайдалана бастады, оған электрондық журналдар жүйесі қолдау көрсетеді («Күнделік», «Білімал», «Мектеп.edu.kz»). Оқу жылының басында сынып баптауларында журнал түрін – «Критериалды бағалау журналын» таңдау қажет.

Критериалды бағалау журналында:

- кері байланыс үшін комментарийлерді пайдалана отырып қалыптастырушы бағалау балдары (1-ден 10 балға дейін);
- БЖБ балы - жинаған балдардың сомасы және оқу жетістіктерінің тиісті деңгейі;
- оқу кезеңі үшін балл (ТЖБ) – ерекшелікке сәйкес жиналған балдардың сомасы;
- шәкілге сәйкес барлық оқу кезеңдері үшін жиналған балл сомасының ең жоғары ықтимал балға пайыздық арақатынасы – жылдық баға қойылады.

Педагог кері байланысты түсініктемелер, айдарлар, орындалған жұмыс қорытындысы бойынша ұсынымдар арқылы жүзеге асырады.

Оқу нәтижелері бойынша ата-анаға немесе білім алушыға берілетін кері байланыс нысандарының бірі – айдар (рубрика). Рубрика білім алушының өзінің білім жетістіктері мен қателіктерін түсінуге, білім алушының педагогпен қарым-қатынасына, оқуға деген ынтасына және білім мазмұнын меңгеруіне ықпал етеді. Рубриканы қолдану бағалауды БЖБ және ТЖБ нәтижелері бойынша ғана емес, сонымен қатар тапсырмаларды орындау кезінде педагог пен білім алушы арасындағы екі жақты тиімді диалогқа айналдырады [17].

Рубрикатор – матрица түріндегі бағалау құралы, ол критерийлер негізінде білім алушының үлгерімін бағалау үшін қолданылады. Ол бағаланатын сипаттамалар (критерийлер) жазылатын қатарлардан және оқу материалын игеру деңгейлері бойынша әр сипаттаманың сапасын (бастапқы, орташа, жоғары) көрсететін бағандардан тұрады.

Педагог рубрикаларды әзірлеу барысында келесі принциптерді ұстануы тиіс: нақтылық, конструктивтілік, шынайылық, өзіндік ерекшелік, жеке бағдар, тепе-теңдік және диалогтік сипат.

Айдарларды әзірлеу барысында педагог мыналарға назар аударуы керек:

- пән бойынша білім алушылардың жетістіктерінің сараланған деңгейлерін анықтайды. Педагог оқу іс-әрекетінің материалын, оқыту формалары мен әдістерін мұқият таңдап, оқу материалын әрқайсысының мақсатын анықтай отырып, жеке логикалық аяқталған оқу элементтеріне бөліп,

сараланған тәсілді қолданады.

- жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндерінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламаларымен танысып, оқыту мақсаттарын талдайды. Бұл кезеңде білім алу процесінде ерекше қиындықтар тудыратын оқу мақсаттарын анықтап, бағалау критерийлерін жасау қажет.

- Блум пирамидасына сәйкес етістіктерді қолданады.

- Рубрика білім алушыға түсінікті танымдарды қамтуы, оны ары қарай оқуға ынталандыруы тиіс. Кері байланыстың табиғи сипаттамасын, бағдарламалардың ұсыныстарын ескере отырып, айдарда білім алушылардың белгілі бір білімге, дағдыларға қол жеткізу деңгейлерін толық көрсететін сындарлы байланыс болуы керек. Конструктивті кері байланыс құру үшін болымсыздық мағынадағы сөздер мен қосымшалары бар етістіктерді қолданбаған дұрыс. Конструктивті емес байланыс білім алушының қателіктерін көрсетіп, оған және оның ата-анасына теріс ықпал жасайды.

- Рубрика бағалаудың тиімді әдісі ретінде бөлімдерді/тоқсандарды жиынтық бағалау нәтижелері бойынша ғана емес, жазбаша жұмыстардан кейін де қолданылуы тиіс. Рубрикалар білім алушыларға тапсырманы орындауға кіріскенге дейін белгілі болуы тиіс, сонымен қатар білім алушының одан ары қарай жасайтын жұмысына түсіндірме беруі тиіс [18].

2020-2021 оқу жылында Орта білім берудің барлық деңгейлерінің «Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері бойынша жаңартылған білім беру мазмұнының оқу бағдарламаларына көшу кезеңі аяқталуда. Жаңартылған білім беру мазмұнының оқу бағдарламасы бойынша шетел тілі сабағы мұғалімнен үлкен дайындықты: қызықты ақпаратты іздеу, цифрлық білім беру және әдістемелік ресурстарды құруды талап етеді. 11-сынып осы бағытта алғаш рет жұмыс істеуде, сондықтан сабаққа дайындық кезінде материалды таңдау қиындық тудырады. Қосымшада шетел тілі пәні мұғалімдерінің критериалды бағалау бойынша ұсынымдық сипаттағы авторлық әзірлемелері берілген.

Мысалы, Рудный қаласы әкімдігінің «№11 орта мектеп» КММ педагогі А.А. Каримбаева «Ағылшын тілі» оқу пәнінен жаңартылған білім беру мазмұнының оқу бағдарламасы бойынша 10 сыныпқа арналған (ЖМБ) қалыптастырушы бағалау тапсырмаларының үлгілерін ұсынады.

Тапсырмалар «Writing an article» тақырыбының 1-бөліміне арналып құрастырылған. Бұл тапсырманың басты мақсаты бөлім бойынша мақала жазуға дайындық жасау. Білім алушылар екі тапсырма орындайды. Бірінші тапсырма мәтіндегі байланыстыратын сөздерді зерттеп, оларды мәтіннен табуға бағытталған. А.А. Каримбаева бұл тапсырма мәтіннің кез келген түрін жазу кезінде негізгі байламдарды танып білуге және дұрыс пайдалануға көмектесетінін атап өтті.

Екінші тапсырманың практикалық мақсаты бар. Білім алушылар параграфтарды оқиды және мақала жазу техникасын анықтайды.

Бұл формативті тапсырманың өзектілігі әр бөлімнің соңындағы

сабақтарда әр түрлі жанрдағы мәтін, хат немесе мақала құрастыруға арналған жазбаша тапсырмалардың болуында. Педагогтерге жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша 10-сыныпта ағылшын тілі пәні сабағында формативті бағалау үшін жазудың негізгі әдістерін игеруге көмектесетін осындай тапсырмаларды қолдану ұсынылады.

Жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасы бойынша 10-сыныпқа арналған «Ағылшын тілі» оқу пәнінен қалыптастырушы бағалау (БЖБ) тапсырмаларының үлгілері

Formative tasks

Teacher: Karimbaeva A.A.

Formative Assessment . Unit 1. Science and scientific Phenomena

Learning objectives:

10.W2 use a growing range of vocabulary, which is appropriate to topic and genre, and which is spelt accurately

10.W5 Develop with support coherent arguments supported when necessary by examples and reasons for a wide range written genres in familiar general and curricular topics

Assessment criteria:

- Identify the specific linkers and divide into categories
- Recognise the written techniques in paragraphs

Level of thinking skills : Knowledge and comprehension

Task 1. Put the linking words below in the correct place in the table.

Firstly, in addition, also, to sum up, although, as a result, to begin with, in contrast, for instance, all things considered, such as, apart from, in particular, for example, because, for one thing, lastly, secondly, while, what is more, all in all, since, therefore, however.

To list points

To add more points

To introduce opposing viewpoints

To introduce examples/reasons

To conclude

Task 2. Read extracts 1-4 .Which are beginnings and which are endings?

Match the paragraphs with techniques A-C

- A. Addressing the reader directly
- B. Asking a rhetorical question
- C. Using direct speech/quotation

1)All things considered, it seems to me that we place too much emphasis on technological achievement in our educational systems. Wouldn't it be awful if more traditional lessons were totally removed from the curriculum?

2)You get on the bus just wanting to enjoy a relaxing journey before your busy day, but all you can hear around you are silly ringstones and loud conversations on mobile phones. Does this sound familiar? To my mind? The best solution to this would be totally ban the use of mobile phones on public transport.

3) To sum up, while I agree that technology is taking over our lives to a certain extent in my opinion humans will never be replaced by machines completely. As Elbert Hubbard once said "One machine can do the work of fifty ordinary men. No machine can do the work of one extraordinary man."

4) George Orwell once said, "Men are only as good as their technical development allows them to be. "It seems to me that supports the argument that is a good knowledge of technology is now essential for success in the world of work."

Descriptor A learner

Task 1 divides the linking words into categories and completes the table

Task 2 identifies the type of techniques in paragraphs

Қашық форматтағы ұйымдастырылған оқу қызметтеріне ұсынымдар:

Ересек, мектепалды тобы мен сыныптарында Санитариялық қағидаларға сәйкес 15 минуттан артық емес қашықтан форматта сабақтар жүргізеді.

2) Тәрбиеші тәрбиеленушілердің ата-аналарына әрекет алгоритмі жазылған жаднама ұсынып, оларды стриминг режимінде ҰОҚ алдын ала дайындауы керек.

ҰОҚ дейін:

- өз құрылығысына қолжетімді қосымшаны жүктеу;
- қосымша құралдардың жұмысын тексеруі (микрофон, бейне, экранды көрсету және т. б.);

- тіркелу үшін өзінің тегі мен атын, жас тобын/сыныбын пайдалану;

- ҰОҚ алдында 10-15 минут бұрын платформаға қосылуды тексеру.

ҰОҚ уақытында:

- бөгде дыбыстардың болмауын қамтамасыз етуі;

- микрофонның жұмыс істеуін қадағалауы (қажет болған жағдайда ғана қосу);

- бейненің көрінуін бақылауы;

- әдептілік мінез-құлық нормаларын сақтауы;

- платформа құралдарын дұрыс қолдануы (қажет кезде: педагогке (ата-анаға) хабарлама жазу, бейне/аудио немесе презентацияны қосу) қажет.

Ересек, мектепалды топтары мен сыныптарында сабақты синхронды форматта оқыту заманауи мүмкіндіктерді (Zoom, Skype, Facebook және т.б.) пайдалана отырып, педагогтің ата-аналармен және тәрбиеленушілермен нақты бір уақытта тікелей байланыста болуын көздейді. Тәрбиеші стримингке шығу үшін ҰОҚ белгілі бір бөлігін бөліп көрсете алады, ҰОҚ қалған бөлігін бейсинхронды форматта өткізе алады.

Сабақтың асинхронды форматы педагогтың ата-аналармен және тәрбиеленушілермен электрондық платформалардың мүмкіндіктері арқылы өзара іс-қимылын білдіреді.

7. Қашықтан оқыту үшін электрондық білім беру платформаларын қолдануға ұсынымдар:

Қашықтан оқыту үшін интернет-платформалар мен электрондық білім беру платформаларын, сондай-ақ, электрондық поштаны, басқа да байланыс құралдарын пайдалану ұсынылады.

- Білім беру Online.edu.kz платформасында ашылған парақшасында жас топтарын ескере отырып, бейне-сабақтар, мультфильмдер, аудио-ертегілер үлгілері, сондай-ақ мектепалды топтар мен сыныптарға арналған бейне-

сабақтар үлгілері орналастырылған.

Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

1. Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде ұйымдастырылған оқу қызметтерін (бұдан әрі - ҰОҚ) ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі - Әдістемелік ұсынымдар) балабақшада қашықтан оқытуды ұйымдастыру және жаңа оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау үшін оңтайлы жағдайлар жасау мақсатында әзірленді.

2. Мектепке дейінгі ұйымдарда (бұдан әрі - МДҰ) ҰОҚ қызмет түрін ұйымдастыру санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларға байланысты анықталады:

1) ұйымдастырылған оқу қызметі (кеңестер) қашық форматта;

2) кезекші топтардың жұмысын ұйымдастыру;

3. Ұйымдастырылған оқу қызметін (кеңестер) ұйымдастыру қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, үй жағдайында балаларға материалдар ұсынылады, ата-аналардың жетекшілігімен педагогтердің тапсырмаларын үйренеді және орындайды (ересек, мектепалды топтары/сыныптары).

4. Ата - аналардың өтініші бойынша кезекші топтарды ұйымдастыру- тиісті аумақтардың бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлерінің келісімі бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімдері негізінде санитарлық талаптарды сақтай отырып, штаттық режимде оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру нысаны.

Қашықтықтан оқыту форматындағы сабақтарды (консультацияларды) ұйымдастыру тәртібі

5. Қашықтан оқыту режимінде тәрбиеленушілерге бейнесабақтар өткізу ата-аналар қауымдастығының сұраныстарын және әлеуметтік тапсырысты орындауды, сондай-ақ қашықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы тәрбиеленушілердің ата-аналарын қолдауды қанағаттандырады.

1) Мектеп (шағын орталық болған жағдайда) және мектепке дейінгі ұйым басшыларына ата-аналардың (балалардың заңды өкілдерінің) хабардар болуын қамтамасыз ету және ересек, мектепалды даярлық балаларын қашықтан оқытуды ұйымдастыру (ата-аналардың қалауы бойынша):

– қашықтан оқытудың барлық қатысушыларының (педагогтер, тәрбиеленушілер, балалардың ата-аналары/заңды өкілдері) ересек, мектепалды даярлық балаларын қашықтан оқытуды ұйымдастыру туралы сабақтың басталу күнін көрсете отырып хабардар болуын;

– мектепалды топтар мен сыныптардың педагогтарында қашықтықтан оқытуды жүргізу үшін әр отбасында қолжетімді байланыс түрлерінің, интернет-

ресурстардың тізімінің болуы;

– «Сауат ашу негіздері», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен танысу» бойынша (күніне бір сабақ) педагогтердің қашықтан кіріктірілген сабақ кестесін құруын;

– педагогтердің демонстрациялық материалдарды, дидактикалық ойындарды және т. б. кеңінен қолдана отырып, ҰОҚ конспектілерін (оқыту бейнесабактары) әзірлеуін;

– ересек, мектепалды даярлық (топтары) сыныптарының педагогтері әлеуметтік желілерде топтар құрады, жас топтарын ескере отырып, бейнесабактар, мультфильмдер, аудио-ертегілер орналастырылады;

– ата-аналар сабақ барысында, баланың сабақты қабылдауы туралы және т. б. барлық сұрақтарды нақтылау үшін кері байланыс арқылы ата-аналармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

– топтардың, сыныптардың контингентін бекіту, кестені, жұмыс кестесін, күн тәртібін жасау;

– еңбек заңнамасына сәйкес мектепке дейінгі ұйымның тыныс-тіршілігін және жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметкерлердің (әкімшілік, техникалық персонал) еңбек функцияларын қашықтықтан айқындау.

2) Басшының орынбасарлары, әдіскерлер:

– мектепалды жастағы балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруіне бағытталған қашықтықтан оқытуды ұйымдастырады;

– педагогтармен бірге ересек топ, мектепалды жастағы балаларды қашықтықтан оқытуды қамтамасыз етеді;

– жұмысты ұйымдастыру туралы барлық қашықтан оқытуға қатысушылардың (педагогтар, тәрбиеленушілер, балалардың ата-аналар/заңды тұлғалар) белсенді ақпараттандырылуына ықпал етеді;

– қажет болған жағдайда балаларды қашықтан оқыту нәтижелерімен бейне талқылау жүргізеді;

– тәрбиеленушілердің қозғалысы, балабақша педагогтарының сапалық құрамы, материалдық база, балабақшаның техникалық қызметкерлері туралы мәліметтерді және басқаларды ҰБДҚ толтырады;

– ҰОҚ кестесін құрады;

– педагогтардың қызметін ұйымдастырады;

– топтың (кіші және мектепке дейінгі) тәрбиеленушілерінің ата-аналарымен жеке кеңестерді жүргізеді;

– тәрбиеленушілердің ата-аналарына (заңды өкілдерін) балабақшада қолданылатын білім беру платформасы, сабақ кестесі туралы хабардар етеді.

3) Педагогтар:

– қашықтан оқыту нәтижелерін ескере отырып, ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектілеріне үнемі түзету жүргізеді;

– бекітілген оқу кестесіне сәйкес қашықтықтан ұйымдастырылған оқу қызметін өткізеді;

– топтың тәрбиеленушілері (кіші және мектепке дейінгі соның ішінде ерекше білімді қажет ететін балалар) мен ата-аналармен жеке кеңестерді

жүргізеді;

– қашықтықтан оқытудың барлық қатысушыларымен кері байланысты қамтамасыз етеді.

6. Қашық форматтағы ұйымдастырылған оқу қызметтеріне ұсынымдар:

1) Ересек, мектепалды тобы мен сыныптарында Санитариялық қағидаларға сәйкес 15 минуттан артық емес қашықтан форматта сабақтар жүргізеді.

2) Тәрбиеші тәрбиеленушілердің ата-аналарына әрекет алгоритмі жазылған жаднама ұсынып, оларды стриминг режимінде ҰОҚ алдын ала дайындауы керек.

ҰОҚ дейін:

– өз құрылғысына қолжетімді қосымшаны жүктеу;

– қосымша құралдардың жұмысын тексеруі (микрофон, бейне, экранды көрсету және т. б.);

– тіркелу үшін өзінің тегі мен атын, жас тобын/сыныбын пайдалану;

– ҰОҚ алдында 10-15 минут бұрын платформаға қосылуды тексеру.

ҰОҚ уақытында:

– бөгде дыбыстардың болмауын қамтамасыз етуі;

– микрофонның жұмыс істеуін қадағалауы (қажет болған жағдайда ғана қосу);

– бейненің көрінуін бақылауы;

– әдептілік мінез-құлық нормаларын сақтауы;

– платформа құралдарын дұрыс қолдануы (қажет кезде: педагогке (ата-анаға) хабарлама жазу, бейне/аудио немесе презентацияны қосу) қажет.

Ересек, мектепалды топтары мен сыныптарында сабақты синхронды форматта оқыту заманауи мүмкіндіктерді (Zoom, Skype, Facebook және т.б.) пайдалана отырып, педагогтің ата-аналармен және тәрбиеленушілермен нақты бір уақытта тікелей байланыста болуын көздейді. Тәрбиеші стримингке шығу үшін ҰОҚ белгілі бір бөлігін бөліп көрсете алады, ҰОҚ қалған бөлігін бейсинхронды форматта өткізе алады.

Сабақтың асинхронды форматы педагогтың ата-аналармен және тәрбиеленушілермен электрондық платформалардың мүмкіндіктері арқылы өзара іс-қимылын білдіреді.

7. Қашықтан оқыту үшін электрондық білім беру платформаларын қолдануға ұсынымдар:

Қашықтан оқыту үшін интернет-платформалар мен электрондық білім беру платформаларын, сондай-ақ, электрондық поштаны, басқа да байланыс құралдарын пайдалану ұсынылады.

- Білім беру Online.edu.kz платформасында ашылған парақшасында жас топтарын ескере отырып, бейне-сабақтар, мультфильмдер, аудио-ертегілер үлгілері, сондай-ақ мектепалды топтар мен сыныптарға арналған бейне-

сабақтар үлгілері орналастырылған.

Кезекші топтардың жұмысын ұйымдастыру

8. Кезекші топтардың жұмысы санитарлық талаптарды қатаң сақтаған жағдайда, оның ішінде осы тәртіпке сәйкес ата-аналардың (балалардың заңды өкілдерінің) өтініштері негізінде жүзеге асырылады. Өтініштер электрондық нысанда қолжетімді құралдар арқылы қабылданады (1-қосымша).

Кезекші топқа баруға ниет білдірген жағдайда балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері мектепке дейінгі ұйым басшысының атына өз ниеті туралы өтініш жазады және оны қол жетімді байланыс құралдары арқылы тәрбиешіге жібереді.

Тәрбиеші өтінішті әкімшілікке береді.

Мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі тәрбиешілерден берілген өтініштер негізінде 15 балаға дейінгі кезекші топтарды құрады.

Кезекші топтардың контингенті, кестесі, жұмыс кестесі, педагогикалық құрамы педагогикалық кеңестің отырысында бекітіледі, қажет болған жағдайда өзгерістер енгізіледі.

Кезекші топтардағы білім беру процесі мектепке дейінгі ұйымның бекітілген жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Балаларды қабылдау балабақшаның медицина қызметкерінің баланың денсаулық жағдайын тексерумен жүзеге асырылады.

Балабақшаның барлық қызметкерлерін және балалардың медицина қызметкері күн сайын таңертеңгі филтрден өткізеді. Ауру белгілері анықталған жағдайда қызметкерлер жұмысқа жіберілмейді, балалар ата-аналарымен үйіне қайтарылады.

Созылмалы аурулары жоқ балаларды кезекші топқа жіберу ұсынылады (өтініште көрсетіледі).

Кезекші топтарға баруды таңдау құқығы балалардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне тиесілі.

Таңдау құқығын ата-аналар немесе балалардың заңды өкілдері балабақша басшысының атына өтініш беру арқылы білдіреді.

Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері балаларын кезекші топтарға апара отырып, індеттің таралмауына барлық шараларды қолданады, олардың қоғамдық ортада болатынына және коронавирустық инфекцияны жұқтыру қаупі бар екендігіне түсіністік танытады.

Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері балаларын санитарлық қауіпсіздік құралдарымен қамтамасыз етеді: қол орамалдар, дымқыл бактерияға қарсы майлықтар мен маскалар (5 жастан бастап).

Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері балаларына әлеуметтік қашықтықтың қажеттілігі туралы түсіндіреді.

Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері балаларын балабақшаның сыртқы кіретін есігіне дейін ертіп апарады, балабақша кіріберісінде тәрбиеші балаларды қабылдайды.

10. Балабақша дезинфекциялау құралдарының қорымен қамтамасыз етіледі (кіре берістегі дезинфекциялау кілемшесі, санитайзерлер, ылғалды, дезинфекциялық жинауды қамтамасыз етуге арналған құралдар).

11. Мектепке дейінгі ұйымда қамтамасыз етіледі:

– тәрбиеленушілер мен педагогтердің, басқа да қызметкерлердің физикалық байланыстарын қысқарту;

– әлеуметтік қашықтықты қамтамасыз ету үшін ойын алаңдарын барынша пайдалану;

– кіреберісте тәрбиеленушілер мен ата-аналардың дене қызуын күн сайын өлшеу;

– топтарды, дәліздерді, холлдарды және басқа да үй-жайларды әрбір сабақтан кейін ылғалды жинау, ажыратқыштарды, есік тұтқаларын, сүйеніштерді, баспалдақтың араларын, терезенің алдын дезинфекциялау;

– медициналық кабинеттер мен оқшаулау бөлмесінің жұмыс істеуі (күн сайын дене қызуын өлшеу, ауру белгілерін анықтау, ауырғандар анықталған жағдайда оқшаулау, барлық топты қашықтан тәрбиелеу және оқытуға көшуді қамтамасыз ету, топтағы балалардың жағдайын бақылау, топты штаттық режимге қайтару);

– балалардың кіруі мен шығуы үшін балабақшаның әр жас тобында жеке кіру және шығу есіктері падаланылады.

12. Кезекші топтардың жұмыс істеуіне ұсынымдар:

1) топтардың толымдылығы - 15 баладан артық емес;

2) балалар үстелдерін 1 метр қашықтықта орналастыру;

3) әрбір ҰОҚ кейін кабинеттерді желдету, кварцтау;

4) әрбір ҰОҚ кейін қолды жуу және арнайы құралдарды пайдалану.

Тәрбиеші МДҰ-ға бару мәселесі бойынша ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді (жұмыс тәртібі, жас топтары, денсаулық жағдайы, тиісті киім-кешек, күн тәртібін сақтау және т. б.), баланы алдын ала алып келу, өйткені балаларды қабылдау белгілі бір уақытты алуы мүмкін);

Кезекші топтардағы сабақтар үлгілік оқу бағдарламалары мен оқу жоспарына сәйкес кесте бойынша өткізіледі.

Ұйқы, демалыс, тамақтану, ұйымдастырылған оқу қызметі режимі сақталады.

Оқу күні аяқталғаннан кейін ата-аналар немесе заңды өкілдер балаларды алып кетеді, тәрбиеші (бала күтуші) баланы шыққанға дейін ертіп жүреді.

Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, бейне сабақтарды әзірлеу бойынша ұсыныстар

13. Жалпы ұсынымдар:

– Ұйымдастырушылық

– МЖБС мен үлгілік бағдарламаға сәйкестігі;

– дидактикалық қағидаларды жүзеге асыру;

– ақпараттық-коммуникативтік және мультимедиялық технологияларды тиімді пайдалану.

– аудиовизуалды құралдар: графика, аудио, бейнематериалдар, презентациялар;

- тәрбиеленушінің кез келген уақытта көру мүмкіндігі (офлайн-режим);
- бейнежазба ұзақтығы - 15 минуттан аспайды.

2. ҰОҚ мазмұны:

- «классикалық» (баяндау) және стандартты емес стильдердің үйлесімі;
- түсіру мен таңбаны толтырудың үйлесімді қатынасы (экрандар және т.б.);

– слайдтар саны – бір ҰОҚ 2-3 слайд.

3. Эмоционалды фон:

- тәрбиешінің дауысы қалыпты, жағымды, дыбысталуы қабылдауға жетерлік, анық сөйлейді, дикциясы жақсы;
- баяндауы түсінікті, еркін, жетерлік шамада эмоционалды (қатысу эффектісі) баяндау қарқыны жылдам емес;

– психологиялық әсер: айтылатын мәтіннің стилі мен дыбысталуы, жеке сөйлемдердің үйлесімділігі, эмоционалды ынта, кідіріс;

– сәйкесінше (эмоционалды) музыкалық сүйемелдеу;

4. ҰОҚ дизайны:

- түс фоны тұрақты-түс гаммасына жақын үш түстен тұрады;
- дыбысы анық (бөгде дыбыстарсыз), дыбыстың біркелкі естілуі.

5. Педагогтың дайындық деңгейіне ұсынымдар:

Психологиялық –педагогикалық дайындық:

- тәрбиеленушілердің жас және психологиялық ерекшеліктерін білу;
- электрондық оқыту ресурстарын әзірлеуге және құруға қойылатын талаптарды білу;

Әдістемелік дайындық:

– электрондық білім беру материалдарын әзірлеу мен қолданудың әдістемелік тәсілдерін меңгеру;

– стандартты емес жағдайларда сабақтың мақсаттарын анықтау және жүзеге асыру;

IT-технологиялармен жұмыс істеу дағдылары:

- IT-құзыреттіліктердің болуы;
- электрондық білім беру ресурстарын әзірлеу және қолдану дағдылары.

Бейнесабақтарға қойылатын талаптар:

Ұйымдастырушылық:

- ұзақтығы: 15 минуттан аспайды;
- икемді жеке кесте;
- кез келген уақытта қарау мүмкіндігі.

Санитариялық-эпидемиологиялық жағдай тұрақты жақсарған кезде санитариялық талаптарды сақтай отырып, мектепке дейінгі ұйымның штаттық режимде жұмыс істеуге біртіндеп көшуі жүзеге асырылады.

Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде орта білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар

Жалпы ережелер

1. Орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыруға жөніндегі осы Әдістемелік ұстаным (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде қашықтан оқытуды ұйымдастырудың оңтайлы жағдайларын және орта мектепте жаңа оқу жылының ұйымдасқан түрде басталуын қамтамасыз ету мақсатында жасалынған. Әдістемелік ұстаным меншік түріне қарамастан барлық білім беру ұйымдарында пайдаланылады.

2. Орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру нысаны санитарлық-эпидемиологиялық ахуалға байланысты анықталады:

1) Білім алушылардың, педагогтердің және басқа қызметкерлердің денсаулығын сақтау мақсатында оқу процесі мектеп алдындағы, 1-11 (12) сыныптарда қашықтық форматта ұйымдастырылатын болады.

2) Жалпы орта білім беретін мектептердің 1-4 сынып оқушыларына әр сыныпқа 15 балаға дейін кезекшілік сыныптар ашуға рұқсат етіледі. Мектептерде тиісті жағдайлар болған жағдайда, ата-аналардың немесе балалардың заңды өкілдерінің өтініші бойынша білім алушылар қабылданады.

3) 5-тен 180 адамға дейін контингенті бар шалғайдағы ауыл мектептерінде, санитариялық қауіпсіздік шараларын қатаң сақтай отырып, сыныптарда балалар саны 15 адамға дейін штаттық режимде оқыту жүзеге асырылады.

4) Халықтың сырқаттанушылық деңгейінің тұрақты төмендеуіне байланысты санитарлық талаптарды сақтай отырып, мектептердің аралас және штаттық оқыту форматтарына біртіндеп көшуі жүзеге асырылады. Жоғарыда көрсетілген форматқа бірінші болып 1-4 сынып оқушылары санитарлық қауіпсіздіктің қатаң шараларын сақтай отырып көшеді. Мектепалды, 5-11 сыныптар қашықтан оқытуды жалғастырады. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдай одан әрі тұрақты жақсарған жағдайда мектепалды, 5-11 сынып білім алушылары қатаң санитариялық қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, штаттық режимге көшеді.

5) Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттарда (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға) ата-аналардың өтініштері негізінде, тиісті жағдайлар болған жағдайда, қатаң санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, барлық сыртқы байланыстарды шектей отырып, жабық режимде жұмыс ұйымдастырылатын болады.

6) Мектеп қашықтан оқытудан штаттық режимге ауысқан кезде білім алушылар ата-аналарының қалауы бойынша қашықтан оқытуды жалғастыруы мүмкін. Ол үшін ата-аналар 1-қосымшада ұсынылған үлгі бойынша өтініш беруі керек.

3. 2021 жылдың 1 қаңтарына дейін мектептерде мәдени-бұқаралық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар толығымен тоқтатылады.

4. Директормен кездесулер, педагогикалық кеңестердің мәжілістері, ата-аналар жиналыстары және т.б. қашықтық форматта өтеді.

Оқу форматына қарамастан, қазақ және орыс тілдерінде оқитын

оқушыларға мұғалімдер мен ата-аналардың көмегімен 1-11 сыныптардан бастап республикалық «Ел-Арна», «Балапан» теледидарлық сабақтары арқылы оқу мүмкіндігі беріледі. Теледидар сабақтары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми арналарында ақысыз көрсетіледі. Теледидар сабақтары қосымша білім беру ресурсы ретінде қолданылады.

Білім беру ұйымдарының жұмысы штаттық режимде: кезекші сыныптардың жұмыс істеуі, бір сыныпқа 15 балаға дейін жұмыс жасайтын ауылдық мектептердің жұмысы, арнайы мектеп-интернаттардың, жалпы мектеп-интернаттардың жұмысы ата-аналардың немесе балалардың заңды өкілдерінің өтініші бойынша тиісті аумақтық бас мемлекеттік дәрігермен келісімімен жергілікті атқарушы органдардың шешімі негізінде жүргізіледі.

Білім беру платформаларына қойылатын ең төменгі талаптар

Білім беру ұйымы таңдаған білім беру платформасы келесі талаптарға сай болуы керек:

- қашықтықтан оқыту кезінде сабақты дамытуға және толықтыруға икемді құралдардың болуы;
 - білім алушылардың бірлескен жұмысын қолдау (форумдар, чаттар, құжаттармен жұмыс, презентациялар және т.б.);
 - Интернет (Веб-портал) арқылы білім беру платформасының қызметтеріне қол жетімділік;
 - ағын режимін қамтамасыз ету;
 - мұғалімдер мен білім алушыларға бірыңғай кіру нүктесін ұсыну;
 - барлық оқу кезеңінде әр білім алушының білім деңгейі мен нәтижелерінің динамикасын көрсету;
 - дербес компьютерлерге арнайы бағдарламалық жасақтаманы орнатудың қажеті жоқ;
 - тегін мобильді қосымшаны орнату мүмкіндігі;
 - кез-келген құрылғыда (компьютерлерде, планшеттерде, смартфондарда) жұмыс істеу мүмкіндігі.
 - интуитивті және қолданушыға ыңғайлы интерфейс;
 - пайдаланушының қажеттіліктеріне жауап беретін білім алушының барынша ыңғайлы және түсінікті жеке кабинеті.
 - (кең жолақты) сыммен немесе сымсыз (3G немесе 4G / LTE) интернетке қосылу;
- динамиктер және микрофон – кіріктірілген немесе USB немесе сымсыз Bluetooth;
- веб-камера немесе HD-веб-камера - кіріктірілген немесе USB; HD-камера немесе видеозахват картасы бар HD-бейнекамера.

Жоғарыда аталған бағдарламалар қашықтықтан оқыту процесінің мониторингін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау

Білім алушылардың жетістігін бақылау электрондық журналда жүргізіледі. Электрондық журнал болмаған жағдайда – қағаз журналда.

«Білім алушылардың үлгерімін, аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгілік ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес бағалау өткізіледі. Бірінші тоқсанда педагогтер 2-11 сыныптарда бөлімге (бұдан әрі – БЖБ) 1 жиынтық жұмыс және тоқсанға (бұдан әрі – ТЖБ) 1 жиынтық жұмыс өткізеді.

БЖБ 2-11сыныптарда 2020 жылдың 5-15 қазан аралығында ТЖБ 2-11 сыныптарда 2020 жылдың 28 қазаннан бастап өткізу ұсынылады.

БЖБ және ТЖБ өткізілетін пәндер мектептің жұмыс оқу жоспарына сәйкес анықталады. Әдістемелік ұсыныстарда 2-11 сыныптарда БЖБ және ТЖБ өткізілетін пәндердің саны мен атауларын көрсететін кестелер бар (8 қосымша)

Табиғи және техногендік, әлеуметтік, карантин сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайында формативті бағалау үшін орташа балл есепке алынады, ол журналдың жеке бағанында қойылады. Формативті бағалау үшін ең жоғары балл 2-11 сыныптарда 10 балдан аспауы тиіс.

Электрондық журнал форматының қорытынды бағасын шығару кезінде балл саны мынадай арақатынаста есептеледі: 1 БЖБ – 25%, ФБ - 25%, ТЖБ – 50 %.

Бұл ретте педагог:

«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес жиынтық бағалауды өткізу кезінде қойылатын талаптарды басшылыққа алады: тармақтар және тармақшалар 13, 14, 14.1-14.3, 14.5, 14.7, 14.8, 14-9, 15-18, 21-26, 29;

Бөлім үшін жиынтық бағалаудың оқу тапсырмаларының саны:

– 5-11 сынып оқушылары үшін – 5 оқу тапсырмасы.

БЖБ өткізу кезіндегі мұғалімнің қадамдық әрекеті

БЖБ өткізу кезіндегі мұғалім:

- 1) БЖБ өткізетін бөлімдерді/өтпелі тақырыптарды анықтайды.
- 2) таңдалған оқу материалын бөлімінің өткен тақырыптарына/оқу бағдарламасы бойынша өтетін тақырыптарға сәйкестігін тексереді.
- 3) білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлерін әзірлейді.
- 4) білім алушылардың оқу жетістіктерін объективті бағалау мақсатында тапсырмалардың мазмұнын тексереді.
- 5) білім алушылардың функционалдық дағдыларын дамытуға арналған тапсырмаларды қамтиды.
- 6) білім алушыларға жауап берудің нақты күнін көрсетеді.
- 7) Қол жетімді байланыс құралдары арқылы БЖБ тапсырмаларын жібереді (Күнделік.kz, мектеп порталының платформасында, электрондық пошта, чат, телебағдарламалар, Қазпошта және т.б. орналастыру)

8) сынып оқушыларының БЖБ тапсырмасын алғаны туралы куәландырады.

9) жауаптарды есептен шығару жағдайларының алдын алу мүмкіндігін қарастырады.

10) Қажет болған жағдайда қол жетімді байланыс құралдары арқылы кеңес береді.

11) ҚР БҒМ №125 бұйрығына сәйкес өлшенетін өлшемдерді баллмен пайдалануды сақтайды (БЖБ үшін тах балл 1-4 сыныптарда 7-ден кем емес және 15-тен артық емес, 5-11(12) сыныптарда 7-ден кем емес және 20-дан артық емес).

12) оқушылар орындаған жиынтық жұмыстарды тексереді.

13) электрондық журналға/мұғалімнің уақытша журналына балл қояды.

14) білім алушыларға, ата-аналарға немесе баланың заңды өкілдеріне кез келген қолжетімді байланыс құралдары арқылы қағаз немесе электрондық форматта айдарды ұсынады.

53. ТЖБ өткізу кезіндегі мұғалімнің әрекеті

ТЖБ өткізу кезіндегі мұғалім:

1) ТЖБ тапсырмалардың техникалық спецификациясы негізінде тоқсан үшін жиынтық жұмыстың тапсырмаларын құрастырады. Орындауға 40 минуттан артық емес уақыт бөлінеді;

2) ТЖБ тапсырмалардың техникалық спецификациясы негізінде Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийін құрастырады;

3) білім алушыларға жауап берудің нақты күнін көрсетеді;

4) ТЖБ тапсырманы сынып оқушылары алғандығына көз жеткізеді

5) жауаптарды есептен шығару жағдайларының алдын алу мүмкіндігін қарастырады.

6) Қажет болған жағдайда қол жетімді байланыс құралдары арқылы кеңес береді.

7) техникалық ерекшелікке сәйкес балл қою схемасын қолданады.

8) төртінші тоқсан бойынша оқушылар орындаған жиынтық жұмыстарды тексереді.

9) электрондық журналға/мұғалімнің уақытша журналына балл қояды.

10) білім алушыларға, ата-аналарға немесе баланың заңды өкілдеріне кез келген қолжетімді байланыс құралдары арқылы қағаз немесе электрондық форматта айдарды ұсынады.

54. Білім алушылардың жиынтық жұмыстарын орындауға қойылатын талаптар

Білім алушы БЖБ және ТЖБ орындау кезінде академиялық адалдық қағидаларын және өзін-өзі бақылау принциптерін сақтайды:

1) білім алушы өз бетінше жұмыс істеуі, бөгде адамның көмегінсіз тапсырмаларды орындауы тиіс;

2) жиынтық жұмысты орындау кезінде білім алушы қосымша оқу ресурстарын пайдаланбауы тиіс (ерекшелік бойынша бұл ресурсқа рұқсат етілген жағдайлардан басқа);

3) жиынтық жұмысты орындауға жауапты.

4) Жиынтық жұмысты орындауға бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін білім алушы өз жұмысын қолжетімді байланыс құралдары арқылы мұғалімге жібереді.

55. Білім алушыларға жиынтық жұмыс тапсырмаларын ұсыну тәсілдері

1) Мұғалім жауап берудің нақты күнін көрсетеді және білім алушыларға жиынтық жұмыс үшін тапсырмаларды электрондық журнал жүйесі, электрондық пошта, чат, теллеграммалар және басқа байланыс құралдары арқылы жібереді.

2) Интернет болмаған жағдайда балалардың оқу тапсырмалары мен өзіндік жұмыстары санитариялық қауіпсіздік шараларын пайдалана отырып (пошта бөлімшелері арқылы, қолма-қол) үйге жеткізіледі.

3) Қажет болған жағдайда мұғалім білім алушыларға қолжетімді байланыс құралдары арқылы кеңес береді.

2-11 сыныптарда «Музыка», «Көркем еңбек», «Дене шынықтыру», «Өзін-өзі тану», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздер», «Графика және жобалау» пәндері бойынша бағалау ерекшеліктері

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес (ҚР БҒМ 25.09.2018 жылғы № 494 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып) жартыжылдық және оқу жылының соңында «Музыка», «Көркем еңбек», «Дене шынықтыру», «Өзін-өзі тану», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздер», «Графика және жобалау» пәндері бойынша «сынақ» («есептелмеген») қойылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 09.02.2018 № 47 бұйрығының 15-тармағына сәйкес «Музыка», «Көркем еңбек», «Дене шынықтыру», «Өзін-өзі тану», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздер», «Графика және жобалау» пәндері бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді.

Оқу тапсырмасы өз бетінше оқу үшін беріледі, білім алушылардан міндетті кері байланыс қажет емес.

Қашықтан оқыту кезінде білім алушылардың оқу тапсырмаларының көлемін оңтайландыру

Қашықтан оқыту кезінде «үй тапсырмасы» дәстүрлі түсінігі өзгереді, себебі білім алушылардың үй жағдайында өздігінен орындауы тиіс оқу жоспарына сәйкес пән бойынша оқу тапсырмалары ғана қалады.

Қашықтан оқыту кезіндегі оқу тапсырмасы – мұғалімнің білім алушыға берген тапсырмасының бір түрі, мұндайда әртүрлі электрондық білім беру материалдарын пайдалану негізінде қандай да бір оқу іс-әрекетін орындау талабы түсініледі.

Оқу тапсырмаларының мазмұны мен көлемі сабақ мақсаттарымен немесе сабақ жүйесімен, оқу бағдарламасы тақырыптарына сәйкес жұмыс барысымен және білімді игерудің қосалқы құралдарын тарту қажеттілігімен анықталады.

Қашықтан оқыту әрбір сынып үшін икемді сабақ кестесі негізінде қамтамасыз етіледі, мұндай жағдайда білім алушылар әр күн сайын қандай оқу пәндері бойынша сабақ жүргізілетінін біледі.

Оқу тапсырмалары оқу пәні бойынша сабақ кестеге сәйкес жүргізілген күні бір рет беріледі. Педагогтің оқу тапсырмасын мобильдік байланыс арқылы дауыстық хабарламамен жіберуіне рұқсат берілмейді.

Педагогтер мен білім алушылардың интернет-платформалар, стримингтік алаңдар және өзге де мессенджерлердің көмегімен білім беру процесі қатысушыларының (педагог, білім алушы, ата-ана (занды өкіл) интернет тәртібі, кибермәдениет, кибергигиена дағдыларын қалыптастыруға, білім алушы тұлғасын тәрбиелеуге бағытталған этикалық және педагогикалық нормаларды ескере отырып дұрыс коммуникациясы қамтамасыз етіледі.

2019-2020 оқу жылының 4-тоқсанында қашықтан оқытуда еліміздің мұғалімдері тәжірибесін ескере отырып әзірленген білім беру деңгейлері бойынша, пән бойынша оқу тапсырмалары көлемінің болжалды тізімін ұсынамыз.

Ескерту: саралау және жекелендіру принциптерін жүзеге асыру үшін кейбір білім алушылар үшін бір сабаққа немесе бір бөлімге 1 шығармашылық тапсырма (жеке немесе топтық) беруге рұқсат беріледі.

10-11-сыныптар

10-сынып (ҚГБ)	
Пәндер	Оқу тапсырмаларының түрі мен көлемі
Ағылшын тілі	- сабақ тақырыбы бойынша 1 ауызша жаттығу (45-55 сөз) және 1 жазбаша жаттығу
Таңдау пәндері	
Шетел тілі	- сабақ тақырыбы бойынша 1 ауызша жаттығу (30-40 сөз) және 1 жазбаша жаттығу
11-сынып (ҚГБ)	
Таңдау пәндері	
Шетел тілі	- сабақ тақырыбы бойынша 1 ауызша жаттығу (40-50 сөз) және 1 жазбаша жаттығу
11-сынып (ЖМБ)	
Қазақ тілі/Русский язык	- 1 ауызша жаттығу (110-115 сөз), сабақ тақырыбы бойынша 1 жазбаша жаттығу
Қазақ әдебиеті/Русская литература	- 10-15 бет оқу, мәтінді талдауға арналған 1-2 жаттығу

Қашықтан оқыту технологияларын пайдаланумен бейне сабақтар мен сабақтар

Жалпы талаптар:

1. Ұйымдастыру

- МЖМБС-ға және оқу бағдарламаларына сәйкес болу;
- дидактикалық қағидаларды іске асыру;
- телевизиялық, ақпараттық-коммуникативтік және мультимедиялық технологияларды тиімді пайдалану.

- сабақ құрылымы:

- сабақтың басталуы: титрлар (сынып, пән;

- оқыту мақсатын тұжырымдау;

- жаңа оқу материалын түсіндіру, сұрақ қою;

- қорытынды бөлім: қорытындылар, кері байланыс.

- кері байланыс: электрондық журналдар, интернет-платформалар; электрондық пошта арқылы; мессенджерлер – аitu-чат, Telegram және т.б. арқылы мобильді және стационарлық телефон байланысы арқылы; пошта байланысы арқылы жүзеге асырылады.

- оқу материалын өз бетінше оқуға, әрбір білім алушыны белсенді оқуға тартуға баса назар аудару;

- аудиовизуалды құралдар: графика, аудио, бейнематериалдар, презентациялар;

- материалды бекітуге арналған тапсырмалардың оңтайлы көлемі;

- сараланған оқу тапсырмалары;

- оқу тапсырмаларын өз бетінше орындау үшін нұсқаулықтар, алгоритмдер, ұсынымдар әзірлеу;

- сабақты ұйымдастырудың әртүрлі әдістерін қолдану (ішінара-іздеу, эвристикалық, зерттеу, жоба жұмыстары, зерттеу, чаттарда, әлеуметтік желілерде талқылау, пошта арқылы хат алмасу);

- білім алушыларға кез келген уақытта қарау мүмкіндігі (офлайн режимі).

- білім алушыларға, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған жеке консультациялар (қажет болған жағдайда).

2. Сабақтың мазмұны

- Қазақстан Республикасының Заңнамасымен таратуға тыйым салынған ақпараттар болмауы;

- «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI заңы талаптарына қарсы келмейді;

- оқу мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етпейтін ақпаратты қамтымайды;

- сабақ мазмұнын оңтайлы таңдау;

- мәліметтер – ғылыми сенімді, терминология - дәл, ақпарат – нақты құрылымдалған;

- теориялық материалды беру: логикалық, нақты, толық, дәйекті;

- «классикалық» (баяндау) және стандартты емес стильдердің үйлесімі;

- табиғи түсірілім мен символ толтырудың ақылға қонымды арақатынасы (заставкалар, мәтін және т. б.);

- слайдтар саны – бір сабаққа 8-10.

- алынған материалдың авторы және (немесе) атауы көрсетілген.

- Эмоциялық фон

– педагогтің дауысы сабырлы, мейірімді, дыбысты қабылдауға жеткілікті, сөйлеу анық, дикция жақсы;

– мазмұндау сенімді, еркін, жеткілікті түрде эмоционалды (қатысу әсері), мазмұндау қарқыны асығыс емес;

– психологиялық әсер ету: айтылатын мәтіннің стилі мен тілі, интонация, жеке сөйлемдерді акцептациялау, эмоционалдық жоғарылаулар, үзіліс;

– адекватты (эмоциялық тұрғыдан) музыкалық сүйемелдеу;

Сабақ дизайны:

– түс фоны тұрақты – түс гаммасына жақын үш түстен;

– экрандағы мәтін қысқа да нұсқа, анық, шамадан тыс жүктелмеген;

– сұтаңбалардың, бөгде жазулардың, жарнамалардың болмауы;

– маңызды ақпаратты таңдау: түспен, қалың қаріппен, басқа қаріппен;

– контраст қаріптердің саны – ең аз;

– дыбыс анық (бөгде дыбыссыз), дыбыс деңгейі бойынша біркелкі;

– видеоқатар – экран ауданының 75-100%.

5. Техникалық талаптар:

Электрондық білім беру ресурстары:

А. Сурет форматы және өлшемі:

– рұқсат етілген пішімдер: JPEG, JPG, PNG, SVG, GIF;

– бір файлдың өлшемі-100 Mb артық емес.

Б. Аудио жазбалар форматы мен пішімі:

– рұқсат етілген пішімдер: MP3, WAV;

– бір файлдың өлшемі: 100 Mb артық емес

В. Бейнежазбалар форматы мен пішімі:

– рұқсат етілген пішім: MP4, MOV;

– бір файлдың өлшемі-200 Mb артық емес;

– бейнежазбаның ұзақтығы-15 минуттан аспайды

Педагогтің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Психологиялық-педагогикалық дайындық:

-білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін білу;

– электрондық оқыту ресурстарын әзірлеу және құру талаптарын білу;

Әдістемелік дайындық:

– электрондық білім беру материалдарын әзірлеу және пайдаланудың әдістемелік тәсілдерін меңгеру;

– сабақтың оқу мақсаттарын стандартты емес жағдайларда жүзеге асыра білу;

IT-технологиялармен жұмыс істеу дағдылары:

– IT-құзыреттіліктің болуы;

– электрондық білім беру ресурстарын әзірлеу және пайдалану дағдылары.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар үшін оқытудың қолжетімділігі

– оқытудың жеке оқу бағдарламаларын қолдану;

– субтитрлердің, сурдоаудармалардың болуы;

– арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету;

- бейімделген сандық ресурстарды таңдау немесе әзірлеу;
- сараланған оқу тапсырмаларын қолдану.

Видеосабаққа қойылатын талаптар

Ұйымдастыру:

- ұзақтығы: 15-20 минут;
- икемді жеке кесте;
- кез келген уақытта қарау мүмкіндігі
- үлгерімді ағымдағы бақылау арқылы:

а) телекоммуникациялық құралдарды қолдану арқылы «on-line» режимінде білім алушы мен педагогтің тікелей қарым-қатынасы;

б) автоматтандырылған тестілеу кешендері;

в) жазбаша жеке тапсырмаларды тексеру

Қашықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы сабаққа қойылатын талаптар

Ұйымдастыру:

- ұзақтығы: 15-30 минут;

– сандық технологияларды қолдану арқылы нақты уақыт режимінде сабақтар:

– видеоконференциялар (вебинарлар, ZOOM конференциялары, Google class rooms, Microsoft Teams, Skype, стриминг);

– Интернет желісінде хабар алмасу арқылы асинхронды форматтағы сабақтар: тапсырмаларды өз бетінше орындауға акцент қою (электрондық пошта, Google диск, т. б.);

– әлеуметтік желі чатында, пошта арқылы топтық хат алмасуда білім алушылардың топтық жұмыстарын ұйымдастыру мүмкіндігі;

– педагог білім алушыларға оқулықтан өз бетінше оқу тапсырмаларын орындау үшін оқу материалын ұсынады;

– үлгерімді ағымдағы бақылау арқылы:

а) телекоммуникациялық құралдарды қолдану арқылы «on-line» режимінде білім алушы мен педагогтің тікелей қарым-қатынасы;

б) автоматтандырылған тестілеу кешендері;

в) жазбаша жеке тапсырмаларды тексеру.

ҚО кезіндегі бірінші тоқсандағы БЖБ және ТЖБ саны (сыныптар және пәндер бойынша нақтылау)

10-сынып ЖМБ – 19 пән, 13 БЖБ, 13 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1.	Ағылшын тілі	3	1	1

10-сынып ЖМБ (оқу жүктемесін қысқартумен) – 19 пән, 12 БЖБ, 12 ТЖБ

№	Пән	Сағат	БЖБ	ТЖБ
---	-----	-------	-----	-----

		саны		
1.	АҒЫЛШЫН ТІЛІ	2	1	1

10-сынып ҚГБ – 19 пән, 13 БЖБ, 13 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1.	АҒЫЛШЫН ТІЛІ	3	1	1

10-сынып ҚГБ (оқу жүктемесін қысқартумен) –
19 пән, 13 БЖБ, 13 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1.	АҒЫЛШЫН ТІЛІ	3	1	1
2.	Шетел тілі (екінші)	3	1	1

11-сынып ЖМБ – 19 пән, 13 БЖБ, 13 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1.	АҒЫЛШЫН ТІЛІ	3	1	1

11-сынып ЖМБ (оқу жүктемесін қысқартумен) – 19 пән, 12 БЖБ, 12 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1.	АҒЫЛШЫН ТІЛІ	2	1	1

11-сынып ҚГБ – 19 пән, 13 БЖБ, 13 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1.	АҒЫЛШЫН ТІЛІ	3	1	1
2.	Шетел тілі (екінші)	3	1	1

11-сынып ҚГБ (оқу жүктемесін қысқартумен) – 19 пән, 13 БЖБ, 13 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1.	АҒЫЛШЫН ТІЛІ	3	1	1
2.	Шетел тілі (екінші)	3	1	1

Оқу-әдістемелік кешендер мен цифрлық білім беру ресурстарын қалыптастыру тәртібі

Білім алушыларды оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету үшін оқу жұмыс бағдарламаларына сәйкес пәндер (модульдер) бойынша оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК) мен цифрлық білім беру ресурстары болуы қажет.

ОӘК және цифрлық білім беру ресурстары білім алушылардың қажеттіліктері

мен мүмкіндіктеріне байланысты желілік және кейстік нұсқаларда да қолданылады.

ОӘК және цифрлық білім беру ресурстары жұмыс оқу жоспары мен бағдарламасын, электрондық оқулықты, тест материалдарын, материалды меңгеру сапасын бақылауға арналған материалдарды, пәнді (модульді) оқып-үйрену бойынша білім алушыға арналған әдістемелік ұсынымдарды, үлгерімді ағымдағы бақылауды ұйымдастыруды, білім алушыға өзіндік жұмысты ұйымдастыру бойынша ұсынымдарды (жұмыстың көлемі мен дәйектілігі егжей-тегжейлі сипатталады), оқу (дидактикалық) құралдарын және басқаларды қамтиды. Сонымен қатар, қажет болған жағдайда, оқу-әдістемелік кешен анықтамалық материалдармен, әдебиеттермен, электрондық ресурстарға сілтемелермен толықтырылуы мүмкін.

ОӘК және цифрлық білім беру ресурстары мазмұнына қойылатын талаптар:

1) ақпараттың өзектілігі мен толықтығы, оны ұсынудың ықшамдылығы. ОӘК материалдары мүмкіндігінше ақпараттық және түсінікті болуы керек, үнемі толықтырылуы мүмкін;

2) кешенділік сипатта болуы: ОӘК және цифрлық білім беру ресурстары студенттің оқу қызметінің түрлері мен нысандарына әдістемелік қамтамасыз етуді қамтуы тиіс;

3) оқу материалы құрылымының нақтылығы: ақпарат тұтас және аяқталған толық мағыналы болуы тиіс;

4) оқу материалының көрнекілігі мен түсініктілігі: кестелерді, схемаларды, суреттерді, диаграммаларды, мультимедиалық объектілерді (оқыту роликтері, бейне, дыбыс, анимация және басқалар), сондай-ақ түрлі көмекші материалдарды (глоссарий, әдебиеттер тізімі, тесттер, анықтамалықтар, әдістемелік нұсқаулар) пайдаланған жөн.

Материалдарға электрондық мәтіндік форматта жасалатын ілеспе жазба қоса беріледі. Ілеспе жазбада автор курс бойынша кез-келген түсініктеме және оны рәсімдеуге ұсыныстар жаза алады.

Мәтін мәтіндік редакторда келесі форматта жасалады: Times New Roman шрифті, өлшемі 12.

Егер мәтін сканерленген болса, онда ол дұрыс тану үшін мұқият тексерілуі керек. Орфография мен тыныс белгілері тексеріледі.

Мәтіннің бөліктері мағынасы бойынша нақты (курсивпен, қалың) белгіленуі керек. Құжаттың мәтінін толықтыратын материалды қосымшаларда орналастыруға жол беріледі. Қосымшалар құжаттың жалғасы ретінде оның келесі парақтарында рәсімделеді немесе дербес құжат түрінде шығарылады.

Мазмұнның барлық фрагменттерінің атаулары мазмұн кестесіндегі бөлімдердің тақырыптарына нақты сәйкес келуі керек.

Иллюстрациялар саны ұсынылған мәтінді түсіндіру үшін жеткілікті болуы керек. Суреттер мәтін бойынша орналасуы немесе қосымшада берілуі мүмкін.

ОӘК, сандық білім беру ресурстары, мазмұнында өзге авторлардың, оның ішінде Интернет-ресурстар арқылы алынған жұмыстарды пайдаланған

кезде материалдарды (иллюстрациялар, сызбалар, аудио - және бейнефайлдар және басқалар) алу көздерін көрсету қажет.

Оқу-әдістемелік материалдар «Талар» коммерциялық емес акционерлік қоғамының ресми сайтында шоғырланған. Сайтта ТЖКБ мамандықтары бойынша ҚБТ қолдану бойынша бейне оқулықтардың, электрондық оқулықтардың және қосымша материалдардың бірыңғай каталогы орналастырылған.

Қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып сабақтарды ұйымдастыру тәртібі

ҚБТ қолданатын сабақтар келесі схема бойынша өткізіледі: *онлайн-сабақ өткізу + тақырып бойынша оқу-әдістемелік материалдармен өз бетінше жұмыс істеу және білім алушылардың үлгеріміне офлайн режимде ағымдағы бақылау жүргізу.*

Онлайн-сабақ өткізу

Онлайн сабақтарды өткізу кезінде оқытушы оқытудың түрлі құралдарын қолдана алады: презентациялар, видеосабақтар, интерактивті плакаттар, веб-сайттар және басқалар.

Онлайн-сабақтар бекітілген сабақ кестесі бойынша онлайн ресурстың көмегімен өткізіледі (мысалы, ZOOM, Скайп және басқалар).

Онлайн-сабақты өткізу тәртібі:

1 қадам. Онлайн сабақ жоспарын құру.

2 қадам. Онлайн сабақтарды техникалық ұйымдастыру.

3 қадам. Бейнематериалды дайындау.

Бейнематериалда келесі құрылымдық компоненттер болуы керек:

1) кіріспе бөлім - сәлемдесу, тақырыпты хабарлау, сабақтың мақсаты мен міндеттері; пән/ модуль ішінде оқытылатын тақырыптың орнын анықтау, сабақ схемасының қысқаша сипаттамасы, білім алушыларға бейнематериалды қарау бойынша ұсыныстар;

2) мазмұндық бөлік - қажетті оқу материалын пайдалана отырып және оқыту әдістерін, құралдары мен технологияларын таңдай отырып, сабақ жоспарына сәйкес оқу материалы дәйекті және жүйелі түрде баяндалады;

3) қорытынды бөлім - білім алушыларға бейне сабақты көргеннен кейінгі қорытындылар, ұсынымдар, тақырыпты қосымша зерделеу үшін ұсынылатын әдебиет және Интернет көздері, қорытындылау.

Бейнематериалдың ұзақтығы он минуттан аспауы тиіс.

Бейнематериал суреттерді, бейнефрагменттерді және басқаларды көрсетумен сүйемелденеді.

4 қадам. Онлайн сабақ өткізу.

Онлайн сабақтың негізгі мазмұны: кіріспе (*сәлемдесу, желі сапасын және қосылған студенттерді тексеру, сабақты өткізу ережелерін жариялау*); оқу материалын таныстыру; сұрақ-жауап.

Оқытушының сыртқы келбеті ресми, ұстамдылық, дәлдікпен ерекшеленетін және жалпы қабылданған әдептілік нормаларына қайшы келмейтін іскерлік стильге сәйкес келуі керек.

Оқытушының сөзі сауатты, түсінікті және білім алушылар үшін қолжетімді болуы тиіс; айтылуы түсінікті және анық болуы тиіс. Мұғалім студенттермен тікелей қарым-қатынас жасау әсерін тудыра отырып, материалды сенімді, еркін және жеткілікті эмоционалды түрде баяндауы тиіс.

5 қадам. Зерделенген материалды бекіту.

Барлық материалдар интернет платформасында орналастырылады және әр тақырыпқа тіркеледі, кез-келген уақытта жүктеуге және көруге болады.

ҚБТ-ны пайдалана отырып игеру мүмкін емес сабақтарды ҚБТ-ны пайдалана отырып игеруге болатын оқу материалы бөлігінің орнына келесі академиялық кезеңге (бітіруші топтарды қоспағанда) ауыстыруға болады.

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу тәртібі

ТЖКБ ұйымдары білім алушыларының үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына 2-қосымшаға «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгі қағидалары», «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі № ҚР ДСМ-46 бұйрығымен бекітілген медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымдары білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды жүзеге асыру және аралық аттестаттауды өткізу нысандарын, тәртібін және кезеңділігін тандауда дербес болады.

Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау және аралық аттестаттау оқу жұмысының әртүрлі нұсқасында (тесттер, практикалық тапсырмалар, шығармашылық тапсырмалар және басқалар) ұсынылуы мүмкін.

Қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып, білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды жүргізу:

- 1) білім алушы мен оқытушының телекоммуникациялық құралдарды пайдалана отырып, онлайн режимінде тікелей қарым-қатынасы;
- 2) автоматтандырылған тестілеу жүйелері;
- 3) жеке тапсырмаларды тексеру (білім алушылардың электрондық поштасына тапсырмалар беру, мессенджерлер) арқылы жүзеге асырылады.

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізу нысанын оқытушы оқу материалының мақсатын, мазмұнын ескере отырып айқындайды.

ҚБТ-ны пайдалана отырып, аралық аттестаттауды өткізу кезінде мынадай

нысандар:

1) тапсырманы орындау уақытын шектеу мүмкіндігімен автоматтандырылған тестілеу жүйесін пайдалана отырып тестілеу;

2) жеке жобаны орындау (онлайн, офлайн);

3) практикалық, шығармашылық тапсырманы орындау (онлайн, офлайн);

4) онлайн-режимде емтихан тапсыру (ауызша немесе жазбаша түрде) қолданылады.

Тест тапсырмалары, емтихан сұрақтары, практикалық және шығармашылық тапсырмалар педагогтармен алдын-ала әзірленеді және жалпы қол жеткізу үшін ақпараттық платформаға орналастырылады.

Аралық аттестаттауға тест тапсырмаларын әзірлеуге пәнді (модульді) жүргізетін педагог жауапты болып табылады.

Уақытты шектеу мүмкіндігімен автоматтандырылған тестілеу жүйелерін қолдана отырып тестілеу кезінде, білім алушы алдын-ала белгіленген уақытта онлайн-тест орналастырылған курстың бақылау бетіне кіреді. Білім алушы сұрақтарға желіден шықпай және нақты уақыт режимінде жауап береді.

Қорытынды аттестаттау қорытынды аттестаттауды өткізудің алдын ала құрылған кестесі бойынша өткізіледі.

ТжКБ ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттау, оның ішінде ҚБТ-ны қолдана отырып, оқу процесінің кестесінде және ТжКБМЖМБС-да айқындалған нысандағы оқу жұмыс жоспарларында көзделген мерзімде жүргізіледі.

Медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттау медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган аккредиттеген ұйымдармен келісілген мерзімде жүргізіледі.

ҚБТ-ны пайдалана отырып қорытынды аттестаттау нақты уақыт режимінде (онлайн) өткізіледі.

Қорытынды аттестаттауға академиялық берешегі жоқ және білім беру бағдарламаларын толық көлемде меңгерген білім алушылар жіберіледі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін қорытынды аттестаттау олардың денсаулық жағдайына теріс факторлардың әсерін болдырмайтын жағдайда және білім алушылардың физиологиялық ерекшеліктері мен денсаулық жағдайына сәйкес жағдайларда өткізіледі.

Есту қабілеті бұзылған білім алушыларға қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру кезінде сурдоаудармашы тартылады.

ҚБТ-ны қолдана отырып қорытынды аттестаттауды өткізу кезінде, білім алушының жеке басын міндетті түрде сәйкестендіруді және кешенді емтихандарды өткізу тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асыра отырып, компьютерлік тестілеу нысанында кешенді емтихандарды өткізуге болады.

Оқу процесінің кестесіне сәйкес ТжКБ ұйымының Интернет-ресурсында онлайн-консультациялар, дипломдық жобаны (жұмысты) алдын ала қорғау және қорғау кестесі, онлайн-емтихан өткізу/дипломдық жобаларды (жұмыстарды) қорғау рәсімі, білім алушыларды дипломдық жобаны (жұмысты)

қорғауға жіберу туралы бұйрық және дипломдық жобалардың (жұмыстардың) бекітілген тақырыптары орналастырылады.

Қорытынды аттестаттау басталғанға дейін қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібі, жұмысты рәсімдеу ережелері, жұмысты орындау ұзақтығы, қорытынды аттестаттау нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция беру тәртібі туралы нұсқаулық өткізіледі.

Білім беру ұйымы білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібімен таныстыруды кемінде 20 жұмыс күні бұрын жүзеге асырады.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен рәсімделеді.

ҚБТ-ны пайдалана отырып қорытынды аттестаттауды өткізу кезінде білім беру ұйымы:

1) тәсілін дербес таңдай отырып, білім алушылардың жеке басын сәйкестендіруді (немесе білім алушыны верификациялауға, білім алушының мінез-құлқын мен экранды бақылауға мүмкіндік беретін онлайн прокторинг технологияларын қолдануды);

2) белгіленген талаптардың сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді.

Білім алушылардың жеке басын сәйкестендіру білім алушының бейне камера алдында ашық түрде ұсынылған жеке басын куәландыратын құжаттың деректерімен визуалды салыстыру арқылы жүзеге асырылады. Білім алушылар байланыс жабдықтары мен арналарына қойылатын техникалық талаптар туралы алдын ала хабардар болуы тиіс. Білім беру ұйымы білім алушылардың техникалық мүмкіндігіне байланысты алдын ала тексеру арқылы көз жеткізуі қажет.

ҚБТ-ны пайдалана отырып, қорытынды аттестаттауды өткізу үшін білім беру ұйымдарында:

1) білім алушыларды үздіксіз бейне және аудиобақылауды, бейнежазбаны;

2) дипломдық жобаларды (жұмыстарды) қорғау кезінде білім алушылардың таныстыру материалдарын көрсету мүмкіндігін қамтамасыз ететін қажетті жабдықтар жиынтығы бар үй-жайлар жарақтандырылады.

ҚБТ-ны пайдалана отырып қорытынды аттестаттауға қатысатын білім алушыларда рәсімнің тұтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін техникалық құралдар мен бағдарламалық қамтамасыздандырылуы болуы тиіс.

Білім беру ұйымдары тарапынан қорытынды аттестаттаудың бағдарламалық құралдарын және техникалық қолдауын ұсынуға жауапты техникалық хатшы болып табылады, ол қорытынды аттестаттауды өткізу басталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей техникалық жағдайларға тексеру жүргізеді.

Қорытынды аттестаттау басталғанға дейін екі апта бұрын білім алушылар қорғауға жіберілген дипломдық жобаларды (жұмыстарды) рецензиялармен және презентациялық материалдармен ұсынуы тиіс.

Дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау уақыты бекітілген кестемен анықталады және дипломдық жобаларды (жұмыстарды) қорғау басталғанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын білім алушылардың назарына жеткізіледі.

Дипломдық жобаны (жұмысты), оның ішінде ҚБТ-ны қолдана отырып қорғау презентацияны көрсету түрінде өтеді.

ҚБТ-ны пайдалана отырып, дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау процесі үзілген жағдайда, білім алушы техникалық хатшыға оны жалғастыру туралы өтінішпен дереу жүгінеді.

Ауызша қорытынды емтиханның ұзақтығы бір білім алушыға 15 (он бес) минуттан аспауы тиіс.

Билеттерді беру «кездейсоқ сандар генераторы» бағдарламасында жүзеге асырылуы мүмкін.

Компьютерлік тестілеу ақпараттық жүйелерге енгізілген құралдардың көмегімен немесе жеке құралдардың көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін. Тестілеу процесі автоматтандырылуы тиіс. Тестілеу нәтижелерін автоматтандырылған өңдеу және сақтау қамтамасыз етілуі қажет.

ҚБТ-ны пайдалана отырып, қорытынды емтиханды өткізу кезінде, жұмыстар белгіленген уақыттан ертерек орындалған жағдайда, Комиссия төрағасының рұқсаты бойынша бейнеконференцбайланыс сеансын мерзімінен бұрын аяқтауға рұқсат етіледі.

ҚБТ-ны пайдалана отырып, қорытынды аттестаттауды өткізу кезінде техникалық ақаулар туындаған жағдайда, білім алушыға қорытынды аттестаттаудан басқа күні және (немесе) басқа уақытта өту мүмкіндігі беріледі. Бұл жағдайда техникалық хатшы электрондық актіні рәсімдейді және актінің көшірмесін комиссияның барлық мүшелеріне жібереді.

Қорытынды аттестаттауды өткізудің барлық рәсімі бейнеге жазылады.

Қорытынды аттестаттауға дәлелді себеппен келмеген білім алушы қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағасының атына еркін нысанда өтініш жазады және себебін растайтын құжатты ұсынады.

Білім алушы оң шешім алған жағдайда, қорытынды аттестаттау өткізу кестесінде көзделген қорытынды аттестаттау комиссиясы отырысының басқа күні емтихан тапсырады және (немесе) дипломдық жобаны (жұмысты) қорғайды.

Комиссияның шешімі бойынша мыналар:

- 1) қорытынды аттестаттауда қанағаттанарлықсыз нәтиже алғандар;
- 2) дәлелді себеппен қорытынды аттестаттауға келмеген (науқастануы немесе құжатпен расталған өзге де мән-жайлар) білім алушылар ағымдағы оқу жылында тиісті оқу пәні бойынша қорытынды аттестаттауға қайта жіберіледі.

Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін денсаулық жағдайы туралы ұсынылған құжаттар қаралмайды.

Қорытынды емтихандарды тапсыру және дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау нәтижелері олар өткізілген күні жарияланады.

Қорытынды аттестаттау нәтижелері білім беру ұйымының интернет-ресурсында орналастырылады. Даулы мәселелерді шешуді ТжКБ ұйымы дербес жүзеге асырады.

Ерекше жағдайларда қорытынды аттестаттауға қатысушылардың іс-әрекеттеріне байланысты емес өзге де мән-жайлар туындаған кезде, комиссия техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім

алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларының *(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген)* 30-тармағына сәйкес қорытынды аттестаттауды өткізу нысанын өзгертуге және қорытынды аттестаттау нәтижелерін айқындау бойынша шешім қабылдауға құқылы. Бұл ретте қорытынды емтихандар бойынша осы пән немесе модуль бойынша ағымдағы және аралық аттестаттау қорытындылары бойынша, диплом жоба (жұмыс) бойынша - алдын ала берілген жоба (жұмыс) мазмұнының белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру қорытындылары бойынша баға қоюға жол беріледі.

ҚБТ-ны пайдалана отырып қорытынды аттестаттауды өткізу кезінде нәтижелерді есепке алу электрондық-цифрлық нысанда жүзеге асырылады. Бұл ретте қорытынды аттестаттау туралы мәліметтерді қағаз жеткізгіште сақтау міндетті болып табылады.

ТЖКБ ұйымдарының оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың функциялары

Педагогтер:

- 1) цифрлық білім беру ресурстарын, қажетті оқу-әдістемелік материалдары (оның ішінде бейнематериалдары) бар оқу-әдістемелік кешендерді электрондық түрде әзірлейді және сабақтар өткізеді;
- 2) білімді бақылау құралдарын әзірлейді;
- 3) білім алушыларға әрбір тақырып бойынша жұмыс уақытын, жұмыстарды орындау мерзімін көрсете отырып, тиісті бөлімдерді меңгерудің тақырыптық кестесін әзірлейді және таратады;
- 4) білім алушылармен, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін синхронды және асинхронды консультациялар өткізеді;
- 5) оңтайлы және әртүрлі жұмыс түрлерін, қолжетімді ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданады;
- 6) сабақ бойынша жоспарлауды түзетуді және оқу материалдарын құрылымдауды уақтылы жүзеге асырады;
- 7) қолданылатын жұмыс түрлері туралы, онлайн сабақтарды өткізу нысаны мен мерзімдері, офлайн сабақтарға қатысу, үй жұмыстарын тапсыру мерзімдері туралы ақпаратты білім алушылардың, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) назарына уақтылы жеткізеді;
- 8) оқу-әдістемелік ресурстарды (оның ішінде бейнематериалдарды) тұрақты жаңартуды қамтамасыз етеді;
- 9) білім алушылардың оқу жұмыстарын орындауын әрбір пән немесе модуль үшін көзделген бағалау критерийлеріне сәйкес бағалайды;
- 10) ҚБТ-ны оқу процесінде пайдалану саласында оқудан және (немесе) біліктілігін арттырудан өтеді;
- 11) үлгерім мен сабаққа қатысуды бақылайды;
- 12) білім алушылармен жедел байланыс жасайды;
- 13) бекітілген оқу кестесіне сәйкес сабақтар өткізеді, өзіндік жұмысты бақылауды жүзеге асырады;

14) оқу жүктемесін орындайды;

15) қашықтықтан оқытуға байланысты құжаттаманы жүргізеді.

Топ жетекшісі қызметін орындайтын педагогтер:

1) ата-аналарды (заңды өкілдерді) жұмыс режимі туралы, кестедегі өзгерістер туралы, оқу процесін ұйымдастыру туралы, білім алушылардың оқу қызметінің, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, телекоммуникациялық құралдарды қолдану және білім алушылардың өзіндік жұмысы жағдайындағы барысы мен қорытындылары туралы хабардар етеді;

2) білім алушылармен және олардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) байланысты жүзеге асырады;

3) үлгерім мен қатысуды бақылайды.

Білім алушы:

1) құралдардың көмегімен оқу курстарын өз бетінше зерделейді;

2) онлайн және (немесе) офлайн режимінде қашықтықтан оқыту сабақтарына қатысады;

3) оқу процесінің графигі мен кестесіне сәйкес бақылаудың барлық түрлерін тапсырады;

4) педагогтармен байланыста болады;

5) қолжетімді байланыс құралдары арқылы сабақ кестесімен, тақырыптарымен, мазмұнымен уақтылы танысады;

6) тапсырмаларды, оның ішінде ТжКБ ұйымы белгілеген қолжетімді байланыс құралдары арқылы, өз бетінше орындайды;

7) педагогке орындалған тапсырмаларды қолжетімді байланыс құралдары арқылы уақтылы ұсынады;

8) қол жетімді сандықты білім беру ресурстарды пайдаланады.

Білім алушылардың ата-аналары (заңды өкілдері):

1) жұмыс кестесімен, сабақ кестесімен, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру процесімен танысады;

2) білім алушылардың тапсырмаларды орындауын бақылауды жүзеге асырады;

3) педагогтермен, топ жетекшілерімен байланыс жасайды;

4) оқу үшін жағдай жасайды;

5) санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды, білім алушылардың денсаулығы үшін қажетті жағдайлар жасайды және оларды инфекциялық ауруларды жұқтырудан сақтайды.

Жалпы білім беру ұйымдарындағы оқу процесін ұйымдастыру

5. Оқу процесін қашықтық форматында ұйымдастыру үшін мектеп мұғалімдердің негізгі сұраныстарына сәйкес келетін функционалдылық тұрғысынан ең қолайлы инфрақұрылымы мен білім мазмұны бар Интернет-платформаны таңдайды.

Қашықтан оқыту процесі синхронды және асинхронды форматтарда, Санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен

нормалар (бұдан әрі – СанҚжН) талаптарын және оқу уақытын ұтымды пайдалануды ескере отырып өтеді. Бұл жағдайда сабақтар екі форматты біріктірумен немесе тек асинхронды форматта өткізілуі мүмкін.

6. Сабақтың синхронды форматындағы оқыту мұғалімнің қазіргі заманғы мүмкіндіктерді пайдалана отырып, нақты уақыт режиміндегі білім алушылармен тікелей байланысын (стриминг) көздейді.

7. Педагог стримингке шығу үшін сабақтың белгілі бір бөлігін (30-80%) арнайды, сабақтың қалған бөлігін асинхронды форматта өткізе алады.

8. Сабақтың асинхронды форматы – электронды платформалардың мүмкіндіктері арқылы мұғалімнің білім алушылармен өзара әрекеттесуі, мұндай формат өз бетінше оқуға арналған контент және оған мұғалімнің кері байланысын көздейтін оқу тапсырмаларынан тұрады.

9. Оқу процесін қашықтан (синхронды және асинхронды формат) ұйымдастыру үшін мектеп барлық педагогтер мен білім алушылар үшін электрондық платформаларға қосылуы тиіс.

10. Мектептегі сабақ кестесі білім алушылардың шамадан тыс жүктемесін болдырмау мақсатында Мемлекеттік жалпы білім беру стандартына, Үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес барлық сыныптар үшін оқу күні мен апта бойы синхронды және асинхронды форматтағы сабақтардың кезектесуін ескере отырып жасалады.

11. Синхронды форматтағы сабақтар бойынша ұсынымдар

1) Тікелей трансляцияда синхронды формат негізінде оқыту үшін оқу процесін асинхронды оқыту форматымен үйлестіре отырып, СанҚжН-ға сәйкес сабақтың 10-нан 30 минутқа дейінгі уақытын бөлуге болады.

2) Мұғалім білім алушыларды стриминг режимінде сабаққа алдынала дайындап, оларға іс-қимыл алгоритмі бар жадынаманы беруі керек.

Сабаққа дейін:

– құрылғыға ХХХ қосымшасын жүктеңіз;

– қосымша баптауларының жұмысын тексеріңіз (микрофон, видео, экран демонстрациясы және т.б.);

– сабақ алдында 10-15 минут ішінде платформаға қосылуды тексеріңіз;

– тіркеу үшін өзіңіздің аты-жөніңізді, сыныбыңызды пайдаланыңыз;

Сабақ кезінде:

– бөгде дыбыстардың болмауын қамтамасыз етіңіз;

– микрофон режимін қадағалаңыз (қажет болған жағдайда ғана қосыңыз);

– бейне режимді бақылаңыз;

– этикалық мінез-құлық нормаларын сақтаңыз;

– платформа құралдарын дұрыс пайдаланыңыз (қажет болған жағдайда: мұғалімге немесе чатқа барлығына хабарлама жазу, бейне/аудио немесе презентацияны қосу, «қолды көтеру», «иә/жоқ»,

«бас бармақ» және т.б. батырмаларды басу).

3) Қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеу және іске асыру кезінде мұғалім оқу мақсатына байланысты сабақтың синхронды және асинхронды бөлігі үшін мазмұны мен уақытын ұтымды бөлуі керек. Техникалық проблемалар туындаған және тікелей эфирге шығу мүмкін болмаған жағдайда мұғалім сабақты асинхронды форматқа ауыстырады.

4) Сабақтың синхрондық форматтағы сабақ құрылымына енеді:

– қамтылған материалдың қысқаша мазмұны: жаңа тақырыпты түсіндіру үшін қажетілігі бойынша логикалық байланысқан алдыңғы тақырыптардың негізгі бөлімін мазмұндау;

– білімалушылардың назарын жаңа материалды оқып үйренуге қажет болуы мүмкін білім мен дағдыларға аудару;

– жоспарға сәйкес жаңа материалды таныстыру;

– материалды бекіту бойынша ұсынымдар.

5) Сабақтың мазмұны келесі талаптарға сай болуы керек:

– ақпаратты нақты құрылымдау: тапсырыс беру, жүйелеу;

– негізгі дидактикалық принциптерді ескеру: ғылыми сипат, көріну, қол жетімділік, саналылық, теория мен практика арасындағы байланыс, циклдік, танымал ғылыми презентация, оқу материалының эстетикасы;

– теледидар, ақпараттық-коммуникациялық және мультимедиялық технологиялар саласындағы заманауи әлемдік жетістіктерге сәйкестігі;

– қабылдауды ескере отырып, аудиовизуалды ақпараттың жеткілікті көлемі мен әсер ету ұзақтығы;

– түрлі ақпараттық оқу материалдарын қолдану: мәтін, презентациялар, графика, медиа, суреттер, кестелер, инфографика және басқалар.

6) Оқу тапсырмалары ұсынылған көлемнен аспайды, орындау алгоритмімен және электронды оқу материалына қажетті сілтемелермен бірге жүреді (IV бөлім).

7) Мұғалім белгіленген тәртіппен кері байланысты қамтамасыз етеді; электрондық журналдар болмаған жағдайда кері байланыс мұғалімнің еркі бойынша байланыстың қолжетімді түрлері арқылы жүзеге асады;

8) Мұғалім сабақ жазбасын сақтайды және білім алушыларға кез-келген уақытта материалдарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

9) Стримингке шығу мүмкіндігі болмаған жағдайда педагог сабақтарды тек асинхронды форматта өткізеді.

12. Асинхронды форматтағы сабақтар бойынша ұсынымдар

1) Асинхронды форматтағы сабақ мұғалім білімалушылармен электрондық платформалардың мүмкіндіктері арқылы өзара әрекеттескенде жүзеге асырылады. Сабаққа арналған оқу тапсырмаларын электрондық платформалардың мазмұны мен мүмкіндіктерін ескере отырып мұғалім әзірлейді. Оларға электронды оқулықтар, бейнелер, шеберлік тренажерлері, білімді бақылау ресурстары және басқалары кіретін цифрлық білім беру ресурстары жатады.

2) Педагог асинхронды форматтағы сабақ дайындау барысында:

- сабақтың түрін, мақсатын анықтайды;
- сабақтың мақсатына сәйкес оқу материалын дайындайды (электронды оқулықтар, бейнематериалдар, ТВ-сабақтар, презентациялар және т. б.);
- оқушыға өздігінен оқуы үшін оқу материалын ұсынады;
- білім алушыларға кез келген уақытта қайта қарауға электронды платформада орналастырылған немесе мұғалім жазған теледидар сабағын немесе бейне сабағын көруге мүмкіндік береді;
- Интернет-платформаларда орналастырылған қол жетімді сандық білім беру ресурстарын ұсынады;
- оқу тапсырмаларын сабақтың мақсатына сәйкес ұсынылған көлемге сәйкес, орындау тәртібі мен уақыт шығындарын, сондай-ақ білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып әзірлейді;
- электрондық платформалар немесе электрондық пошта мүмкіндіктері арқылы қажетті сілтемелер бере отырып, жаңа сабақтың тақырыбын, мақсатын егжей-тегжейлі сипаттай отырып, білім алушыларға оқу тапсырмасын жібереді;
- орындалған жұмыстарды қабылдайды және білім алушыларға белгіленген тәртіппен кері байланысты жүзеге асырады, электрондық журналдар болмаған жағдайда кері байланыс мұғалімнің еркі бойынша байланыстың қолжетімді түрлері арқылы жүзеге асады;
- қажет болған жағдайда білім алушыларға, оның ішінде ерекше білім алуға қажет ететін балаларға жеке кеңес береді.

13. Білім алушыларға сабақ оқу күнін ұйымдастыру үшін ұсынымдар:

- 1) Оқушылар синхронды және асинхронды форматта ескере отырып, сабақ кестесін сақтайды және сабақ күнін жоспарлайды.
- 2) олар белгіленген кестеге сәйкес материалдарды оқиды және пәндер бойынша оқу тапсырмаларын орындайды.
- 3) Жауаптарды электрондық платформаның мүмкіндіктері арқылы тіркеледі немесе электрондық пошта арқылы жіберіледі.
- 4) Мұғалімнің тапсырмалар бойынша түсініктемелерін оқып, оның ұсыныстарын орындайды.
- 5) Сынып жетекшісімен байланыста болады.
- 6) мұғалімдермен кез-келген қол жетімді режимде жұмыс істейді, егер қажет болса, туындаған сұрақтарды мұғалімге жібереді.
- 7) Компьютерлік техникамен үздіксіз жұмыс істеу ұзақтығына қатысты санитарлық нормаларды сақтайды.

14. Электрондық оқу материалдарын қолдану бойынша ұсыныстар:

- 1) Цифрлық білім ресурстары (ЦБР) - компьютерлік технологиялар негізінде жасалынған және енгізілген оқу құралдарының жиынтығы, соның ішінде цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) - цифрлық технологиялар негізінде құрылған және жұмыс істейтін ресурстар.
- 2) Оқу процесінде мұғалімдер қолданатын ЦБР келесі талаптарға

сай болуы керек:

– Қазақстан Республикасының заңнамасымен таратуға тыйым салынған ақпарат болмауы керек;

– үшінші тұлғалардың ар-намысы мен қадір-қасиетін, құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қозғайтын ақпарат бар ЦБР-ны пайдалануға жол берілмейді;

– мазмұны оқу нәтижелеріне, білімнің тиісті деңгейіне арналған оқу жоспарына, оқушылардың жас ерекшеліктеріне арналған Мемлекеттік білім стандарты талаптарына сәйкес келеді;

– әртүрлі діни, этникалық және мәдени топтардың өкілдеріне толеранттылықпен қарау қағидаттарын ұстанады, этносаралық және конфессияаралық диалогқа араласпайды;

– білім алушылардың жынысына, ұлтына және тұрғылықты жеріне қарамастан қол жетімді және түсінікті;

– қазіргі ғылыми білімнің негіздеріне қайшы келмейді;

– білім деңгейі, пән, оқу деңгейі, бақыланатын мазмұн элементтері, мазмұн түрі дұрыс таңдалған;

– суретте су белгілері мен сыртқы жазулар жоқ;

– автор және (немесе) қарызға алынған материалдың көзі көрсетіледі;

– ЦБР тәуелсіз танымдық мәнге ие;

– материалды таныстыру бірізділік пен дәйектілікпен сипатталады.

15. Қашықтан оқыту режиміндегі мектеп әкімшілігі мен педагогтердің функциялары

1) Білім беру ұйымының басшысы:

– жұмыс сапасына бағытталған басқару шешімдерін қабылдайды;

– қашықтан оқытуды ұйымдастыру жөнінде тиісті бұйрық шығарады;

– барлық педагогтер мен білім алушыларға заманауи талаптарға сәйкес келетін электрондық платформаларға қосылу мүмкіндігін қамтамасыз етеді;

– мектеп оқушыларын компьютерлік техникамен қамтамасыз етуді және Интернет пен қосылуын бақылайды;

– сабақтың құрамын, сабақ кестесін, жұмыс кестесін, мектептің оқытушы құрамын педагогикалық кеңестің отырысында 28 тамыздан кешіктірмей бекітеді;

– білім беру процесінің ұйымдастырылуына, оның ішінде қашықтық форматта тұрақты бақылауды мен ұжайы мониторингті жүзеге асырады

– мұғалімдердің оқу жүктемесінің жұмыс оқу жоспарынан асып кетуіне жол бермей, тарифтік тізімге және мектептің 2020-2021 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарына сәйкес бөледі;

– еңбекақы төлемін сақтай отыра, қызметкерлерге еңбекақы төлеу кезінде қашықтықтан форматта оқу процесін қамтамасыз ету бойынша еңбек функцияларын қайта бөледі;

– қашықтағы форматта ұйымның өмірлік белсенділігі мен қызметін қамтамасыз ететін қызметкерлердің еңбек функцияларын анықтайды (әкімшілік, техникалық персонал);

– білім беру ұйымының қызметкерлерін функцияларды қайта бөлумен таныстырады.

2) Білім беру ұйымы басшысының орынбасарлары:

– білім алушылардың қозғалысы, мектеп педагогтерінің сапалық құрамы, материалдық базасы, мектептің техникалық персоналы және т.б. туралы мәліметтерді Білім беру дерекқорының базасын (бұдан әрі – ҰБДҚ) толтырады;

– Санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормалар (бұдан әрі - СанҚжН) талаптарын ескере отырып және оқу уақытын ұтымды пайдалана отырып, синхронды және асинхронды форматта қашықтан оқыту процесін ұйымдастырады;

– білім алушылардың шамадан тыс жүктемесін болдырмау мақсатында барлық сыныптар үшін оқу күні мен апта бойы синхронды және асинхронды форматтағы сабақтардың кезектесуін ескере отырып, сабақ кестесін түзеді;

– бекітілген кестеге сәйкес педагогтердің қызметін және олармен кері байланысты ұйымдастырады.

3) Сынып жетекшісі:

– білім алушылардың қашықтан оқытуға техникалық мүмкіндіктері мен дайындығына мониторинг жүргізеді (компьютердің, Интернеттің болуы және басқа электрондық платформаларға қолжетімділік);

– білім алушылар мен олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне): мектеп пайдаланатын білім беру платформасы туралы, сабақ кестесі туралы хабарлайды;

– сабақ үшін қажетті жағдайлар туралы мәселені түсіндіреді (жұмыс орнын және жабдықтарды қамтамасыз ету, тыныштықты сақтау, жұмыс жағдайын қамтамасыз ету, бөгде шуды болдырмау, білім алушы бөлмесінде басқа балалардың немесе жануарлардың болмауы);

– стриминг режимінде сабақ кезінде білім алушылардың мінез-құлық ережелерін түсіндіреді;

– сынып білім алушылары арасынан кезекшіні тағайындайды, ол сабақты синхронды форматта өткізу кезінде сыныптағы тәртіпті қадағалайды.

4) Педагогтер:

– оқушылардың назарына сабақтың форматы және оқу процесін ұйымдастыру ережелері туралы ақпарат береді;

– бекітілген кестеге сәйкес оқу процесін жүзеге асырады

5) Студент-практиканттарының жұмысын ұйымдастыру:

Студент-практикант мұғалімнің көмекшісі болып табылады.

Сабақта студент-практикант:

– оқушылардың сабаққа дайындығы зерттеуі;

– сабақта тәртіпті бақылауы;

– әр түрлі тапсырмалардың, оның ішінде дербес тапсырмалардың уақтылы орындалуын бақылауды жүзеге асыруы;

– сабақта кері байланысты қамтамасыз етуі;

– әр түрлі білім беру платформаларында топтық чат, бейнеконференция құру, байланысты қосу және тексеруі;

- демонстрациялық материалдарды (мәтіндік материалдар, презентациялар, суреттер және т. б.) дайындау және таратуы;
- денсаулық сақтау жаттығулары, физикалық минуттар, өзгерістерді профилактикалық іс - шараларды өткізуі;
- білім алушылармен, педагогтермен, ата-аналармен немесе заңды өкілдермен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыруға қатысуы;
- білім алушыларға, ата-аналарға кестедегі өзгерістер туралы, білім алушыларға кері байланыс беру туралы оқу барысы мен оқу нәтижелері туралы хабарлауы тиіс.

2.1 Білім беру платформаларына қойылатын ең төменгі талаптар

16. Білім беру ұйымы таңдаған білім беру платформасы келесі талаптарға сай болуы керек:

- қашықтықтан оқыту кезінде сабақты дамытуға және толықтыруға икемді құралдардың болуы;
 - білім алушылардың бірлескен жұмысын қолдау (форумдар, чаттар, құжаттармен жұмыс, презентациялар және т.б.);
 - Интернет (Веб-портал) арқылы білім беру платформасының қызметтеріне қол жетімділік;
 - ағын режимін қамтамасыз ету;
 - мұғалімдер мен білім алушыларға бірыңғай кіру нүктесін ұсыну;
 - барлық оқу кезеңінде әр білім алушының білім деңгейі мен нәтижелерінің динамикасын көрсету;
 - дербес компьютерлерге арнайы бағдарламалық жасақтаманы орнатудың қажеті жоқ;
 - тегін мобильді қосымшаны орнату мүмкіндігі;
 - кез-келген құрылғыда (компьютерлерде, планшеттерде, смартфондарда) жұмыс істеу мүмкіндігі.
 - интуитивті және қолданушыға ыңғайлы интерфейс;
 - пайдаланушының қажеттіліктеріне жауап беретін білім алушының барынша ыңғайлы және түсінікті жеке кабинеті.
 - (кең жолақты) сыммен немесе сымсыз (3G немесе 4G / LTE) интернетке қосылу;
 - динамиктер және микрофон – кіріктірілген немесе USB немесе сымсыз Bluetooth;
 - веб-камера немесе HD-веб-камера - кіріктірілген немесе USB; HD-камера немесе видеозахват картасы бар HD-бейнекамера.
- Жоғарыда аталған бағдарламалар қашықтықтан оқыту процесінің мониторингін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сыныпта 15 –ке дейін білім алушы бар шалғайдағы ауылдық мектептер үшін штаттық режимде оқытуды ұйымдастыру

17. Шалғайдағы ауылдық мектептерде штаттық режимде оқыту қатаң санитарлық қауіпсіздік шараларын сақтай отырып жүзеге асырылуы тиіс.

Оқыту мектепте барлық сыныптарда, оның ішінде мектепалды сыныптарда білім алушылардың күн сайынғы температурасын өлшеуді қамтамасыз ете отырып жүзеге асырылады.

Нормадан жоғары температурасы бар балалар үйге оралады, ауырған адамдар анықталған жағдайда барлық сыныпты қашықтан оқытуға көшу қамтамасыз етіледі, мектеп жұмысын жалғастырады.

Ауылдық мектептерде оқытудың штаттық режимін ұйымдастыру кезінде мынадай шараларды сақтау қажет:

- 1) басталу және аяқталу уақытын көрсете отырып, сабақ кестесін құру;
- 2) әлеуметтік алшақтық үшін, физикалық байланыстарды азайту үшін ауысымдарды ұлғайту және ауыстыру;
- 3) кабинеттік жүйені алып тастау, әр сынып белгілі бір кабинетте орналасады;
- 4) әртүрлі сыныптар үшін әр уақытта сабақтар арасындағы өзгерістерді ұйымдастыру;
- 5) мектепке кіру кезінде медицина қызметкерінің білім алушылар мен педагогтердің температурасын күн сайын өлшеуі;
- 6) маскаларды кию режимін қамтамасыз ету;
- 7) оқу үстелдерін 1 метр қашықтықта орналастыру;
- 8) кабинеттерді және барлық жайларды желдету, кварцтау;
- 9) қолды жуу және арнайы құралдарды пайдалану;
- 10) әрбір екінші сабақтан кейін сынып бөлмелерін ылғалды жинау;
- 11) дәліздердегі, рекреациялардағы, холлдардағы және басқа үй-жайлардағы ауысымдар, шағын ауысымдар арасындағы ылғалды жинау;
- 12) мектеп асханасының/буфеттердің жұмысын тоқтату;
- 13) күн сайын температураны өлшеуге, ауру белгілерін анықтауға, ауырғандар анықталған, карантин жарияланған және барлық сыныптың қашықтан оқытуға көшкен жағдайда сыныптағы білім алушылардың жағдайын бақылауға, кейіннен сыныпты штаттық режимге қайтарғанда оқшаулауға арналған медициналық кабинеттер мен оқшаулағыштардың жұмыс істеуі;
- 14) таза ауада дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру немесе спорт залдарын үнемі желдету;
- 15) мұғалімдерге кабинеттерде жүруге, мұғалімге баруға, сыныптан тыс іс-шаралар мен ата-аналар жиналыстарын өткізуге тыйым салынады;
- 16) мектеп заттардың, кабинеттердің, реакциялардың, холлдардың және басқа да үй-жайлардың бетін өңдеу үшін жеткілікті мөлшерде дезинфекциялау құралдарымен қамтамасыз етіледі;
- 17) мектептің кіреберісінде дезинфекциялау тоннельдері, аяқкиімге арналған дезинфекциялау кілемшелері орнатылады, барлық қабаттарда қолды

өңдеуге арналған санитайзерлер орнатылады, термометрия қамтамасыз етіледі;

18) сапалы сумен жабдықтау, қолды жуу құралдары қамтамасыз етіледі. Қазіргі заманғы қоғам дамудың жаһандық трендтерімен сипатталады және диалог пен қарым-қатынасқа дайын, командада жұмыс істей алатын, міндетті түрде өзінің ана тілінен басқа мемлекеттік, сонымен қатар халықаралық тілдерді білетін көп мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу басты назарға алынады.

Білім беру мазмұнын жаңартудың ерекшелігі құзыреттілік тәсілінің логикасына сәйкес білім беру парадигмасының өзгеруі болып табылады: білім алушылардың жекелеген оқу пәндері шеңберінде нақты пәндік білімді, іскерлікті және дағдыларды меңгеру мақсатынан білім алушылардың жеке, әлеуметтік, танымдық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту мақсат етіп қояды.

«Шетел тілі» пәні (10-11 сыныптар) бойынша жаңартылған білім беру мазмұнындағы оқу бағдарламасының ерекшелігі – пәндік білімді қалыптастыруға және әртүрлі дағдыларды дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Оқу мақсаттарының жүйесі білім алушылардың бойында келесі негізгі құндылықтарды дамытуға негізделген: қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық, өмір бойына білім алу.

Орта білім беру мазмұнын жаңартудың ажырамас бөлігі критериалды бағалау болып табылады, оны шетел тілі сабақтарында шектеусіз ауқымда қолдану мүмкіндігі бар, бұл қазіргі заманғы ақпараттық-цифрлық кеңістікте оңай бағдарланатын білім алушының тұлғасын қалыптастыруға стратегиялық тәсіл шеңберінде Ұлттық білім беру жүйесіне қатысты жаңа міндеттерді шешуді ұсынады.

Оқыту процесін құрастыру қазіргі заманғы білім беру технологияларын (әлеуметтік, ақпараттық-коммуникациялық, интерактивті және т.б.) пайдалануды талап етеді. «Шетел тілі» оқу пәні бойынша сабақтарда мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайларын модельдеу, проблемалық оқыту әдістерін және эвристикалық әдістерді белсенді қолдану, жұмыстың әртүрлі нысандарын (жұптық, топтық, жеке және т.б.) пайдалану қажет. Шығармашылық сипаттағы тапсырмалар білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, сонымен қатар олардың бойында оның қалыптасуын тексеру құралдары болып табылады. Оқыту мен тәрбиелеудің нысандары мен әдістерін таңдауды педагог нақты тақырыпты зерттеудің мақсаттары және міндеттері, оқу бағдарламасында тұжырымдалған білім алушылардың оқу іс-әрекетінің нәтижелеріне қойылатын негізгі талаптар негізінде дербес өзі айқындайды.

Әдістемелік ұсынымдарда «Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі» (10-11 сыныптар) пәндері бойынша жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқу бағдарламасының ерекшеліктері ұсынылған. Сондай-ақ, жұмыста жаңартылған білім беру мазмұнының «Шетел тілі» пәні оқу бағдарламалары бойынша қысқа мерзімді жоспарлар құруға нақты әдістемелік ұсынымдар және орта білім беру ұйымдарында 10-11 сыныптарда қашықтықтан оқыту форматында оқу процесін ұйымдастыруға әдістемелік ұсынымдар берілді.

Әдістемелік ұсынымдарда қысқа мерзімді сабақ жоспарларының, оқытуды ұйымдастыру нысандары мен әдістерінің үлгілері, «Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі» (10-11 сыныптар) оқу пәндері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қалыптастырушы және жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері ұсынылған.

11-сынып білім алушылары «Шетел тілі» оқу пәнін Қазақстанда алғаш рет жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқуға көшкендіктен, авторлар әзірленген әдістемелік ұсынымдардың, 10, 11-сыныптарда «Шетел тілі» оқу пәнін оқыту сапасын арттыруға ықпал ететін пән мұғалімдерінің тәжірибесінен алынған практикалық материалдардың пайдалы болатындығына сенімі мол.

Бастауыш 1-4 сыныптарда кезекші сыныпта оқытуды ұйымдастыру

18. Кезекші сыныптардың жұмыс істеуі бастауыш сынып білім алушыларының жас ерекшеліктеріне, олардың оқуға деген ынтасының қалыптаспауына, олардың әлеуметтену дағдыларын, өздігінен білім алу және өзін-өзі ұйымдастыру құзіреттіліктерін қалыптастыра бастауына негізделген.

19. Кезекші сыныптардың қызметі санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтаған кезде, оның ішінде осы тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

Кезекші сыныпта оқуға созылмалы аурулары жоқ балалар жіберіледі (өтініште көрсетіледі).

Балаларды кезекші сыныптарда оқытуды таңдау құқығы балалардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне тиесілі.

Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері таңдау құқығын жалпы білім беретін мектеп басшысының атына өтініш беру арқылы білдіреді.

Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері балаларды кезекші сыныптарда оқуға жіберу арқылы балалардың қоғамдық ортада болатындығына және коронавирустық инфекцияны жұқтыру қаупі бар екендігіне түсініктері мен келісімдерін білдіреді.

Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері балаларды санитариялық қауіпсіздік құралдарымен қамтамасыз етеді: маскалар, қолғаптар, қолды өңдеуге арналған жеке құтыдағы антисептик немесе бактерияға қарсы дымқыл майлықтар.

Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері балаларына әлеуметтік алшақтық қажеттілігі туралы түсіндіреді.

Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері оқу күні басталар алдында жалпы білім беретін мектептің сыртқы есіктеріне дейін балаларды алып жүруді және оқу күні аяқталғаннан кейін жалпы білім беретін мектептің сыртқы есіктерінен үйге дейін балаларды алып жүруді жүзеге асырады.

Мектеп дезинфекциялау құралдарының қорымен қамтамасыз етіледі (кіре

берістегі дезинфекциялау кілемшесі, тепловизорлар, санитайзерлер, ылғалды, дезинфекциялық жинауды қамтамасыз етуге арналған құралдар).

20. Мектепте қамтамасыз етіледі:

- әлеуметтік алшақтық үшін ауысымдарды ұлғайту және ауыстыру;
- білім алушылар мен педагогтердің, басқа қызметкерлердің физикалық байланыстарын қысқарту;
 - әлеуметтік алшақтықты қамтамасыз ету үшін мектеп алаңдарын барынша пайдалану;
 - кабинеттік жүйені жою, «бір сынып – бір кабинет» бойынша оқыту;
- әртүрлі сыныптар үшін әртүрлі уақытта сабақтар арасындағы өзгерістерді ұйымдастыру;
- мектепке кіру кезінде білім алушылардың температурасын күнделікті өлшеу;
- әр ауысымнан кейін, ауысымдар арасында, дәліздерде, рекреацияларда, холлдарда және басқа да үй-жайларда ылғалды жинау, ажыратқыштарды, есік тұтқаларын, тұтқаларды, сүйеніштерді, баспалдақ марштарын, терезе төсеніштерін дезинфекциялау;
- медициналық кабинеттер мен оқшаулағыштардың жұмыс істеуі (күн сайын температураны өлшеу, ауру белгілерін анықтау, ауырғандар анықталған жағдайда оқшаулау, барлық сыныпты қашықтан оқытуға көшуді қамтамасыз ету, сынып балаларының жағдайын бақылау, сыныпты штаттық режимге қайтару кезінде);
- білім алушылардың бір бағытта қозғалуы үшін дәліздердегі едендегі белгілер, біреуі балаларды қабылдау үшін, екіншісі – балалардың сабақтан кейін кетуі үшін.

- мектеп асханалары / буфеттері жұмыс істемейді.

21. Кезекші сыныптардың жұмыс істеуіне қойылатын талаптар:

- 1) сыныптың толымдылығы – 15 баладан артық емес;
- 2) сабақтың ұзақтығы – 40 минут; 1-сыныпта-сатылы режим;
- 3) үзілістер әртүрлі сыныптар үшін әр уақыттағы өзгерістер;
- 4) маскаларды кию режимін қамтамасыз ету;
- 5) оқу үстелдерін 1 метр қашықтықта орналастыру;
- 6) білім алушыларға жеке парта және орындық бекітілген;
- 7) білім алушы жеке оқу материалдарын (оқулықтар, дәптерлер, кеңсе заттары және т. б.) пайдаланады;
- 8) әр сабақтан кейін кабинеттерді желдету, кварцтау;
- 9) әр сабақтан кейін қолды жуу және арнайы құралдарды қолдану;

22. Кезекші сыныптарды қалыптастыру жалпы білім беретін мектептерде 2020 жылғы 15-24 тамыз аралығында балалардың ата-аналарының немесе

заңды өкілдерінің өтініштері негізінде жүзеге асырылады. Өтініштер электрондық нысанда қолжетімді байланыс құралдары арқылы қабылданады (2-қосымша).

20. Балаларды кезекші сыныпқа қабылдау жалпы білім беретін мектеп басшысының бұйрығы негізінде 2020 жылғы 25 тамызда жүзеге асырылады.

25-27 тамыз аралығында кезекші сынып-комплектілер құрылады, әрбір сынып-комплектіге бір мұғалім бекітіледі.

Оқу тоқсаны ішінде балаларды кезекші сыныпқа қабылдау жалпы білім беретін мектеп басшысының бұйрығы негізінде сыныпта бос орындар болған жағдайда жүзеге асырылады. Өтініштер электрондық нысанда қолжетімді байланыс құралдары арқылы қабылданады.

24. Сынып жетекшісі қолжетімді байланыс құралдары арқылы балалардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне балаларды қашықтан немесе кезекші сыныпта оқытуды таңдау құқығының бар екендігі туралы хабарлайды.

Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері шешім қабылдайды және сынып жетекшісін қолжетімді байланыс құралдары арқылы балаларды қашықтан немесе кезекші сыныпта оқыту ниеті туралы хабардар етеді.

Ата-аналар немесе заңды өкілдер балаларды кезекші сыныпта оқытқысы келген жағдайда, олар жалпы білім беретін мектеп басшысының атына өз ниеті туралы өтініш жазады және қол қояды және оны қолжетімді байланыс құралдары арқылы сынып жетекшісіне жібереді.

Сынып жетекшісі өтінішті жалпы білім беретін мектеп әкімшілігіне береді.

Жалпы білім беретін мектептің әкімшілігі сынып жетекшілерінен берілген өтініштер негізінде 15 балаға дейінгі кезекші сынып-жинақтарды қалыптастырады.

25. Арнайы сыныптарда/мектептерде кезекші сыныптарды қалыптастыру ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің өтініштері бойынша (1-4 сыныптар, психикалық дамуы тежелген, орташа, ауыр ақыл-ой кемістігі бар білім алушылар үшін 1-9 сыныптар) 6 адамнан аспайтын ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балалар үшін жүзеге асырылады.

26. Кезекші сыныптардың контингенті, кестесі, жұмыс кестесі, педагогикалық құрамы педагогикалық кеңестің отырысында 28 тамыздан кешіктірілмей бекітіледі.

27. Кезекші сыныптағы оқу процесі мектептің бекітілген жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Кезекші сыныпта сабақтарды мектеп әкімшілігі бекіткен бастауыш сынып мұғалімі жүргізеді.

Қашықтан оқыту форматындағы білім алушылардың сабақтарын басқа мұғалім ұйымдастырады.

Сабақ кестесі кезекші сыныптар үшін синхронды және қашықтан құрылады. Қашықтан оқыту форматындағы білім алушылар үшін икемді кесте бойынша рұқсат етіледі.

28. Педагогтердің оқу жүктемесін бөлу тарификациялық тізім және мектептің 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары негізінде жүзеге асырылады.

29. Кезекші сыныптар үшін, сондай-ақ қашықтан оқыту үшін сынып-жиынтықтар бойынша бөлу бір сыныптағы білім алушылардың жалпы контингентіне (параллельдерді ескере отырып) сүйене отырып жүзеге асырылады.

Әр параллельдің бастауыш сынып мұғалімдері бір қысқа мерзімді (сабақ бойынша) жоспар бойынша жұмыс істейді.

30. Кезекші сыныптарда оқытуды ұйымдастыру кезінде тәуекел тобына жататын, мынадай көрсеткіштері бар педагогтердің жұмысын болдырмау қажет:

- педагогтың жасы 55 жастан асқан;
- қанайналым жүйесі аурулары бар (артериялық гипертония, СЖЖ және т. б.);
- жоғарғы тыныс алу жүйесінің созылмалы аурулары бар (ӨСОА, БА, өкпедегі фиброзды өзгерістер);
- эндокринопатиялар (қант диабеті, метаболикалық синдром, семіздік және т. б.);
- иммун тапшылығы жағдайлары (онкологиялық, гематологиялық, иммуносупрессивті терапиядағы науқастар т. б.);
- жүкті әйелдер;
- басқа да ауыр созылмалы аурулар.

31. Дене шынықтыру сабақтары таза ауада, мектептің спорт алаңдарында өткізіледі.

32. Мұғалімдерге кабинеттерде жүруге, мұғалімге баруға, сыныптан тыс іс-шаралар мен ата-аналар жиналыстарын өткізуге тыйым салынады.

Барлық жедел кеңестер қашықтан өткізіледі.

2.4 Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсартумен мектептің жұмысын жандандыру – аралас және стандартты форматтарға біртіндеп көшу

33. Санитариялық-эпидемиологиялық жағдай жақсарған кезде бірінші болып 1-4 сынып оқушылары санитариялық қауіпсіздіктің қатаң шараларын

сақтай отырып, қашықтан оқыту форматынан штаттық форматқа көшеді. Мектепалды, 5-11 сыныптар қашықтан оқытуды жалғастыруда.

Оқу мектепте оқушылардың күнделікті температурасын өлшеу арқылы жүзеге асырылады.

34. 1-4 сыныптарда штаттық оқу режимін ұйымдастыру кезінде келесі шаралар сақталуы керек:

- 1) басталу және аяқталу уақытын көрсете отырып, сабақ кестесін құру;
- 2) әлеуметтік алшақтық үшін, физикалық байланыстарды азайту үшін ауысымдарды ұлғайту және ауыстыру;
- 3) кабинеттік жүйені алып тастау, әр сынып белгілі бір кабинетте орналасады;
- 4) әртүрлі сыныптар үшін әр уақытта сабақтар арасындағы өзгерістерді ұйымдастыру;
- 5) мектепке кіру кезінде медицина қызметкерінің білім алушылар мен педагогтердің температурасын күн сайын өлшеуі;
- 6) маскаларды кию режимін қамтамасыз ету;
- 7) кабинеттерді және барлық жайларды желдету, кварцтау;
- 8) қолды жуу және арнайы құралдарды пайдалану;
- 9) әрбір екінші сабақтан кейін сынып бөлмелерін ылғалды жинау;
- 10) дәліздердегі, рекреациялардағы, холлдардағы және басқа үй-жайлардағы ауысымдар, шағын ауысымдар арасындағы ылғалды жинау;
- 11) күн сайын температураны өлшеуге, ауру белгілерін анықтауға, білім алушылардың жағдайын бақылауға, кейіннен сыныпты штаттық режимге

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі заманғы қоғам дамудың жаһандық трендтерімен сипатталады және диалог пен қарым-қатынасқа дайын, командада жұмыс істей алатын, міндетті түрде өзінің ана тілінен басқа мемлекеттік, сонымен қатар халықаралық тілдерді білетін көп мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу басты назарға алынады.

Білім беру мазмұнын жаңартудың ерекшелігі құзыреттілік тәсілінің логикасына сәйкес білім беру парадигмасының өзгеруі болып табылады: білім алушылардың жекелеген оқу пәндері шеңберінде нақты пәндік білімді, іскерлікті және дағдыларды меңгеру мақсатынан білім алушылардың жеке, әлеуметтік, танымдық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту мақсат етіп қояды.

